Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т.

**Күні___05.10.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Қуыршақты тамақтандыру
**Мақсаты:** Балаларды алдымен қуыршақпен таныстырып, қуыршақпен кімдер ойнайтынын айтып түсіндіру. Қуыршақты тамақтандыруды үйрету.
**Көрнекіліктер:** Қуыршақ суреті.
Топқа қуыршақ келеді, балалармен амандасады.тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:
-Қонақты қалай қарсы алу керек?
-Қонаққа қандай тағамдар беруге болады?
Келіңдер қонаққа арнап тағамдар әзірлейік.
Қуыршақты қарсы алады, амандасады.
Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.
**Ұйымдастыру-іздестіру**
«Тәтті тағамдар» дидактикалық ойыны.
Тақтаға тағам суреттерін іліп, ішінен қуыршаққа арнап жасайтын тағам түрлерін таңдатады.
Үлгі суретпен жұмыс.
Суреттерін немесе мүсіндерін көрсетіп, бауырсақ пен тоқашқа сипаттама беруді сұрайды. Жауаптарын тыңдап болған соң, өзі толықтырады.
-Бауырсақ домалақ, түсі сары. Ойық тоқаштың ортасы ойылған, көлемі дөңгелек.
Тағамдарды мүсіндеу жолдарын көрсетіп, бірге жасатады:
- сары түсті ермексазды жұмсарту;
- жұмсарған ермексазды кішкене бөлшектерге бөлгізу;

**Сергіту сәті**
Әй қуыршақ, қуыршақ,
Неге тұрсың жуынбай?
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы!
- Кішкене бөлшектерді домалатып, үлкен, кіші бауырсақтарды жасату;
- Есу әдісі арқылы ермексазды ұзыншалап, бастарын біріктіріп, ойық тоқаш жасату.

Тәтті тағамдарды топтастырады.
Қуыршаққа арнап бауырсақ пен ойық тоқаш жасауға келіседі.
**Рефлексивті коррекциялаушы**
Жасаған тамақтарын дастарханға қойғызып, қуыршақты сыйлауды ұсынады.
Сұрақтар қойып, тақырыпты қорытады:
-Бізге қонаққа кім келді?
-Қандай тәтті тағамдар жасадық?
Тағамдарын дастарханға қойып, қуыршаққа ұсынады.
**Күтілген нәтиже:**
**Нені білу керек:** тағам түрлерін.
**Нені игерді:**тағам түрлерін ермексаздан мүсіндеуді.
**Нені біледі:**тағамның еңбекпенен келетінін.

Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К.
Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__12.10.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Мен қызығам ойыншыққа
**Мақсаты:** Балалардың ойыншыққа қызығушылығын арттыру. Ойыншықпен ұқыпты ойнауды үйрету.
**Алдын –ала жүргізілетін жұмыстар:**Ойыншықтар дүкеніне саяхат, мазмұнды рөлді «Дүкен»ойынын ұйымдастыру.
**Әдіс – тәсілдер:**Сөздік,көрнекілік,ойын,сұрақ-жауап.
**Қажетті құрал – жабдықтар:** Жұмсақ ойыншық. Құрастырмалы ойыншық
Мотивациялық - қозғаушылық
1. Әңгіме жүргізу:
Балалар, қарандаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар! Біз бүгін осы ойыншықтар туралы әңгімелесеміз.
- Балалар ойыншықтарды бірнеше түрге бөлеміз: қатты, жұмсақ, резеңке. Қатты ойыншықтарға машина, ұшақ, пойыз, ал, жұмсақ ойыншықтарға: аю, қоян, түлкі жатады. Резеңке ойыншықтардың жумсағыда қаттысы да болады.
2. Ғажайып сәт.
Есік қағылады. Топқа бауырсақ кіреді
- Балалар, бізге қонақ келіпті, кім екен? Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен атам мен апамнан ойнап жүріп адасып қалдым, сендерге маған көмектесесіңдер ме?
- Балалар, бауырсақ қай ертегіде кездеседі?
- Бауырсаққа кімдер кездеседі?
Сендер бауырсаққа көмектесу үшін осы кейіпкерлердің әр түрлі тапсырмалары бар екен. Сол тапсырмаларды орындасаңдар ғана бауырсақ атасымен апасын таба алады. Бауырсаққа бірінші кім кездеседі.
1. Қоян: «Ойыншықтарды сипаттап, түстерін пішіндерін айтып бер»
2. Қасқар: Ойын: «Кім жылдам»
Шарты: Ойыншықтарды көрсеткенде олардың аттарын жылдам айту керек.
**Сергіту сәті:**
Тікірейіп екі құлағы,
Менен бұрын тұрады.
Бойын жазып керіліп.
Беті қолын жуады
Секірем деп үстелден,
Құлап жүрме мысығым
Дидактикалық ойын
Әр топтың ойыншығы әр түрлі болсын.
Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.
Ойыншықтар ұйықтайды,
Әмір беріп бұйырсақ.
**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** Ойыншықтардың атын, түрін, түсін, көлемін ажырата біледі.
**Нені игереді:** Ойыншық түрлері туралы білімдерін толықтырып, ойыншықтарды дұрыс қолдана білу дағдыларын игереді.
**Нені біледі:** Ойыншықтар және олардың неден жасалатыны туралы мәліметтерді меңгереді.
Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К
Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні___19.10.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Баланы ойыншықпен қызықтыру.
**Мақсаты:** Балаларды топтағы ойын бөлмесіндегі ойыншықтармен таныстырып, сол ойыншықтармен балалардың қызығушылығын арттыру.Ойыншықты тани білуге үйрету.
**Көрнекілік:** Ойыншықтың суреті. Топтағы ойыншықтар.
**Мотивациялық қозғаушы**
**Шаттық шеңбері.**
Ал,қанеки тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық,
Жақсы-жақсы сөздерді
Бір-бірімізге сыйлайық.
Балалар шаттық шеңберін құрып,бір-біріне тілектер айтады.
Балаларға үш түрлі материалдан жасалған ойыншықтар көрсетіл- еді. Олар ағаштан, пласт массадан,шыныдан жасалған ойыншықтар.
**Мазмұнды-рөлді ойын**: "Ойыншықтар дүкені"
**Мақсаты:**балаларды мамандыққа баулу,яғни дүкенші болуға ынтала ндыру,сыпайы сөйлеуге үйрету.
**Ойын шарты**: балалар ішінен бірі сатушы ал қалғандары сатып алушылар болады.
**Әңгіме құрау:**"Менің сүйікті ойыншығым"Балалар өздерінің сүйікті ойын- шықтары туралы әңгіме леп береді.
**Сергіту жаттығуы.**
Орнымыздан тұрамыз,
Мойнымызды бұрамыз.
Қолымызды көтеріп,
Саусақты ашып жұмамыз.
Онан соң төмен түсіріп,
Алақанды соғамыз.
Балалар ойыншықтардың аттарын атайды. Олардың неден жасал ғанын айтады.Шыны дан жасалған ойыншықтармен ойнағанда сақ болу керектігін айтады.
**Мазмұндық-рөлдік ойынды ойнайды.**
Ортаға бір,екі бала шығып өзінің сүйікті ойыншығы жайлы айтып береді.
Ойыншықтарына тақпақтарын да айтып береді.

| | |
|---|---|
| Тікірейіп екі құлағы, | Беті қолын жуады |
| Менен бұрын тұрады. | Секірем деп үстелден, |
| Бойын жазып керіліп, | Құлап жүрме мысығым |

Рефлексиялық-түзету Балалар сұрақтарға жауап береді.
**Күтілетін нәтиже:**
**Бала білуі керек:**ойыншықтардың жасалу жолдарын,
**Бала игеруі керек:**ойыншықтармен ұқыпты ойнауды,
**Бала меңгеруі керек:**ойыншық туралы тақпақтарды.

Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__26.10.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Қуыршақты жуындыру.
**Мақсаты:** Балаларды қуыршақпен таныстырып, қуыршақты қалай жуындыруды үйрету. Қуыршақ өлеңін жаттату.
**Көрнекіліктер:** Қуыршақтың суреті.
**Сөздік жұмыс:** сүлгі.
**Тәрбиешінің іс-әрекеті**
**Баланыңіс-әрекеті**
**Мотивациялық-Қозғаушылық**.
Балалар сендер таза жүргенді ұнатасындар ғой. Әр уақытта таза, ұқыпты жүретін балалардың достары нелер, білесіңдер ме?
Балалар білмесе көмектеседі.
-Сабын, су, сүлгі, айна, тарақ.
«Сү-сү сүлгі» деген буын-сөздің айтылуын қайталап айтқызып үйретеді.
Балалар қимыл-қозғалыспен шаттық шеңберін жасайды.
Балалар тыңдайды, білуге талпынады.
Қайталайды.
**Ұйымдастырушылық-ізденістік**
**Ғажайып сәт.**
-Балалар бізге қуыршақ Айгүл қонаққа келді. (Қуыршақ Айгүлдің үстінің кір болып кеткенін айтып, менен өзін шомылдыруды өтінеді).
-Кәне, балалар, Айгүлді бірге шомылдырайық. Киімін шешіп, таза суға шомылдырайық. Алдымен бас киімін, сонан соң аяқ киімін шешейік.
Киім шешу ретін көрсетеді. Шешіп отырып, киімдерінің аттарын айтып отырады: баскиім, аяқкиім, көйлек. Шешіп болған соң, шомылдырады. Ыдысқа су құйып, сабынмен денесін сабындап, одан соң таза сумен жуындырамыз, болған соң сүлгімен сүртіп, денесін құрғатып, таза киімдерін кигіземіз.
**Сергіту сәті. Музыкамен**
Қуыршақ өлеңін жаттату
1.«Не жоқ?» дидактикалық ойыны (киімдердің суреттерімен). Киімдерді тізіп қояды, жоқ киімді табады. Көздерін жұмдырады, біреуін алып қояды. Көру, есте сақтау қабілеттерін дамытады.
**Рефлекциялық-Түзетушілік**
- Шешінерде, бірінші неден бастап шешеміз?
- Киінерде бірінші неден бастап киінеміз?
- Жуыну үшін қандай заттар керек?
- Қандай киімдерді білесіңдер? т.б.

Сұрақтарға жауап беріп үйренеді. Киімдердің аттарын атап үйренеді. Жуынуға қажетті заттарды біледі.
**Күтілетін нәтиже:**
**біледі:** киімдердің аттарын;
**игереді:** тазалық туралы түсініктерді;
**меңгереді:** киінудің, шешінудің ретін.
Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__02.11.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Ойыншықтарды жинау.
**Мақсаты:**Балаларға ойыншықпен ұқыпты таза ойнауды айтып түсіндіру. Ойнап болған соң ойыншықтарды әдемі жинауды үйрету.
**Қолданылатын көрнекі құралдар**: Ойыншықтың суреті.
**Әдіс-тәсілдер:**Түсіндіру,әңгімелеу, сұрақ-жауап.
**Сөздік жұмыс:** Ойыншықтар, қатты, жұмсақ, ұқыптылық.
**Тәрбиешінің іс-әрекеті**
**Балалардың іс-әрекеті**
**Мотивациялық -қозғаушылық**
Балалар қарандаршы бүгін бізге көптеген қонақтар келіпті. Қане қонақтармен жақсылап амандасып алайық.
**Шаттық щеңбері:**
Балаларды щеңбер бойына тұрғызу.
Шеңбер болып тұрады. Қимылдар жасайды
**Ойын:**Кім жылдам. **Мақсаты:** Ойыншықты өз орындарына жинау керек.
Д/о **« Ненің суреті жасырылған?»**
**Ойын шарты:** Геометриялық пішінді және түсін ажыратып,жасырылған ойыншықты табу.
-Тапсырманы дұрыс орындасаңдар, сурет ашылады.Жасырылған суретті айтасыңдар.
-Балалар, мына суретте көріп тұрған заттарды бір сөзбен қалай атаймыз?
-Жарайсыңдар, дұрыс!
Иә, балалар бүгін біз сендермен біздің ойыншықтарымыз туралы айтамыз!
-Балалар енді сендер өздерінің ойыншықтарының неден жасалатынын білесіңдер.
**Д/о: «**Ойыншық қандай материалдан жасалған?»
Ойынның шарты:Ойыншықты атап, неден жасалғанын айтып беру.
Осы кезде есік қағылады. Сайқымазақ өзінің достарын ертіп келеді.
-Балалар сендер мені таныдыңдар ма?
-Балалар сендер шаршаған боларсыңдар,бойымызды бір сергітіп алайық.
**Сергіту сәті (Музыка)**
**Рефлекциялық - түзетушілік**
Қортындылау.
Біздің ойыншықтарымыз.
Ойыншықтар пластмассадан, темірден, резинадан,матадан. ағаштан жасалатының білдік.
- Ойыншықтарымызды сындырмаймыз.
-Ұқыпты ұстаймыз.
-Ойыншықтар таза болу керек. -Ойнап болғаннан кейін орнына қоямыз.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** Балалар ойыншықтарын таниды;
**Игереді:**Ойыншықтарды ұқыпты ұстау;
**Меңгереді**: Ойыншықтардың қандай материялдан жасалғаның ажырата алады.

Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__09.11.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Қуыршаққа ат қою.
**Мақсаты**:Балаларды қуыршақпен таныстырып, топтағы балалармен ақылдасып қуыршаққа ат қою. Қуыршақ өлеңін жаттату.
**Көрнекіліктер:** Топтағы әдемі қуыршақ. Қуыршақ суреті.
**Ұйымдастырушылық-ізденістік**
-Балалар,бұл қуыршақтың есімін сендер білесіңдерме?
-Олай болса,қуыршақтың өзінен сұрап көрейікші.
-Балалар,қуыршақ есімін айтқысы келмесе,онда бәріміз бірге оның есімін кояйық.
-Қане, кімнің қандай есім қойғысы келеді?
-Қуыршақтың есімін қойғанда оның есімі де атына заты сай әдемі есім болуы керек.
**Мысалы:**Сұлушаш,Кәмшат,Қарашаш.(Халық әні Үкілі)
-Енді Сұлушаш қуыршағымызға тоқталайық.
-Сұлушаш сендерге ұнадыма? Несі ұнады?
(шашы,көйлегі,сырғасы,бөркі,камзолы,үкісі).
**Дидактикалық ойын:**«Өз орнына орналастыр».
**Мақсаты**:Балаларды суретке қарап әңгімелей білуге үйрету.
**Ойын шарты:** Сөйлеуді дамыту дәптерімен орындалады.
Дәптердегітапсырмасы бойынша үкі туралы әңгімелейді және үкінің қауырсынын керекті затқа орналастырады.
Үкі-орман құсы.
Үкінің-жүні үлпілдек.
-Енді бәріміз үкінің дыбысын салайықшы.
**Сергіту жаттығуы:**
«Қуыршақ»өлеңін оқып беру.
Сөйлемейсің сен неге,
Тілің жоқ па, қуыршақ??
(Р.Тышқанбаев)
-Көздері дөңгелек күлімдеген.
Сергіту сәтін орындайды.
**Рефлексиялық-түзетушілік**
-Балалар,Сұлушаш қуыршағымыз бізден біраз нәрсе үйренген сияқты.
Өйткені ол күлімсіреді.
Енді ол үйренген жаңа,ізгі сөздерді достарына айтсын!
Қонағымызды шығарып салайық. Қонаққа қоштасарда қанадй ізгі сөз айтамыз?
Қонақты шығарып салу. Жол көрсету.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:**ұлттық киім атауларын.
**Игереді:**жаңа сөздер мен ізгі сөздерді.
**Меңгереді:** қонақжайлылықты.

Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні___16.11.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Ойыншықтарды топ-топқа бөлу.
**Мақсаты**: Балаларға ойыншықпен қалай ойнауды айтып түсіндіру. Ойыншықтардың түрлерімен таныстыру. Ойыншықтар әр топқа бөлінетінін айту.
**Көрнекіліктер:** Әртүрлі ойыншықтардың суреті. Жұмсақ ойыншық, құрастырмалы ойыншық. Т.б
**Әдіс-тәсілдер:** көрсету, әңгімелесу, түсіндіру, сұрақ,жауап, көркем сөз, жапсыру тәсілдері.
**Алдын ала жүргізілетін жұмыс:** киім түрлері, жыл мезгіліне байланысты киім қию туралы әңгіме өткізу
**Сөздік жұмыс** : қуыршақ, театр
**Билингвальды компонент:** киім-одежда,қызыл-красный, көгілдір-голубой
**Шаттық шеңбер.**
Қуыр-қуыр-қуыршақ,
Құмды бірге суырсақ,
Балшықты да илесек,
Қалыпты да сүйресек.
Отырғызсақ жемісті
Бітірер ек көп істі,-
Б.Айтмухаева
**Д/о:**Кім жылдам.
**Мақсаты:** Ойыншықтарды топ-топқа бөлу
Қуыршақтардың суреттерін көрсету.
Балалар, бізге ойыншықтар не үшін қажет?
Дұрыс. Ойнау үшін,әдемілікті сезіну үшін, бір-бірімізге сыйлау үшін қажет.
Сондай әдемі ойыншықтын бірі-қуыршақ.
Қуыршаққа тапсырма бергендей қимылдар жасайды.
Қуыршақтарына сүйіспеншілікпен күлімдеп қарайды.

**Ұйымдастырушылық-ізденіс**

**Билингвальды компонент:** киім-одежда,қызыл-красный, көгілдір-голубой
Бүгін қуыршақтарымызды қонаққа алып баруымыз керек. Ол үшін қуыршақтарды қалай киіндіреміз? Ол үшін бізге неқажет?
Киімдердін дайын сызбасын ұсыну. Балаларға қағазды екіге бүктеу арқылы симметриялы пішінді қию әдісін көрсету.
Жекелеген балаларға көмектесу.

**Рефлексивті-түзету**

.балалардың жұмысын мадақтау. Жасалған жұмыстары көрмеге қойылады.
Балалардың жауабы.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі::** Ойыншықтарды топ-топқа бөлуді
**Түсінігі қалыптасты:** қонаққа сәнді киініп бару керектігі
**Айта қолдана алады:**кеңістікте орналастыру, салыстыруды.

Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні___23.11.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы: «** Ойыншықтарды топ-топқа бөлу».
**Мақсаты:** Балаларға ойыншықпен қалай ойнауды айтып түсіндіру. Ойыншықтардың түрлерімен таныстыру. Ойыншықтар әр топқа бөлінетінін айту..
**Көрнекіліктер.** Әртүрлі ойыншықтардың суреті. Жумсақ ойыншық, құрастырмалы ойыншық. Т.б
**Әдіс-тәсіл**. Түсіндіру, көрсету, әңгімелеу, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын.
**Ұйымдастыру бөлімі**
**Шаттық шеңбері**
Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
Сүйікті ойыншықтарың бар ма?
— Үйде қандай ойыншықтарың бар?
— Қандай ойыншықты жақсы көресіңдер?
— Ойыншықтарды қалай ұстау керек?
Балалар жауап береді.
**Тәрбиеші:** Ойыншықтармен не істейді?
**Балалар:** Ойыншықтармен ойнайды.
**Тәрбиеші:** Балалар қараңдаршы, біздің тобымызда ойыншықтар өте көп.
Балалар ойыншықтар резеңкеден, пластамассадан, матадан жасалады. Кішкене балаларды немен ойнатады? Ең алғашқы ойыншығы – сылдырмақ. Сылдырмақты жаңа туған балаларға арнап алады. Баланың ең алғашқы ойыншығы – сылдырмақ.
**Қ/ойын:** Топқа «Бұл ненің дыбысы» ойын (көлік, ұшақ, сылдырмақ)
Немен барсақ болады? Мен сендерге көлік дыбыстарын жасырамын, егер тапсаңдар сол көлікпен барамыз.
Балалар жолсерік билет тексереді. Балалар қайда барасыңдар? Ойыншықтар әлеміне барамыз. Олай болса билеттерің қайда? Мен сендерге жұмбақ жасырамын, соған жауап берсеңдер «Ойыншықтар әлеміне» саяхаттаймыз.
Жұмбақ шешу.
(Менің ойыншықтарым) Ойыншықтармен амандасайық.
**Сергіту сәті:** Тікірейіп екі құлағы, Беті қолын жуады.
Менен бұрын тұрады. Секірем деп үстелден,
Бойын жазып керіліп, Құлап жүрме мысығым
Балалар, қараңдаршы, қандай керемет әдемі ойыншықтар бар. Олай болса кәне, ойыншықтармен сырласайық. Сендер қандай ойыншықтарды көріп тұрсыңдар, айтыңдаршы?
**Балалар:** көлік, ұшақ, доп, аю, қоян, қуыршақ, күшік, мысық. Ойыншықтар әр түрлі болады: қатты, жұмсақ.Ұжымдық жұмыс тапсырылады. Ойыншықты топ-топқа бөлу
**Рефлексивті-түзету**
балалардың жұмысын мадақтау. Жасалған жұмыстары көрмеге қойылады.
Балалардың жауабы.
**Күтілетін нәтиже:**
**Жасайды:** Ойыншықты топ-топқа бөлу
**Түсінігі қалыптасты:** Ойыншықтардың атауын білу
**Айта қолдана алады:**Кеңістікте орналастыру, салыстыруды.
Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М
Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__30.11.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** «Жұмсақ ойыншық».
**Сабақтың білімділік мақсаты:** Балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстырып, соның ішінде жұмсақ ойыншыққа жеке тоқталу, түсіндіріп айту.
**Көрнекі құралдар және дидактикалық материалдар:** Әртүрлі жұмсақ ойыншықтың суреті.
1. **Әңгіме жүргізу:**
Балалар, қараңдаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар! Біз бүгін осы ойыншықтар туралы әңгімелесеміз.
- Балалар ойыншықтарды бірнеше түрге бөлеміз: қатты, жұмсақ, резеңке. Қатты ойыншықтарға машина, ұшақ, пойыз, ал, жұмсақ ойыншықтарға: аю, қоян, түлкі жатады. Резеңке ойыншықтардың жұмсағыда қаттысы да болады.
2. **Ғажайып сәт.**
Есік қағылады. Топқа бауырсақ кіреді
- Балалар, бізге қонақ келіпті, кім екен? Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен атам мен апамнан ойнап жүріп адасып қалдым, сендерге маған көмектесесіңдер ме?
- Балалар, бауырсақ қай ертегіде кездеседі?
- Бауырсаққа кімдер кездеседі?
Сендер бауырсаққа көмектесу үшін осы кейіпкерлердің әр түрлі тапсырмалары бар екен. Сол тапсырмаларды орындасаңдар ғана бауырсақ атасымен апасын таба алады. Бауырсаққа бірінші кім кездеседі.
1. Қоян: «Ойыншықтарды сипаттап, түстерін пішіндерін айтып бер»
2. Қасқар: Ойын: «Кім жылдам»
Шарты: Ойыншықтарды көрсеткенде олардың аттарын жылдам айту керек.
3. Аю:Алақай балалар, бауырсақ атасы мен апасына келді.
4. Енді апа мен ата, барлығымыз Динеш блоктарын пайдаланып ойыншықтар құрастырайық. Ол үшін бірнеше топқа бөлініп алайық.
**Сергіту сәті**Ойыншықтарым көп менің,
Бәрін жақсы көремін.
Кешке дейін жалықпай,
Бірге ойнап жүремін
**Дидактикалық ойын**.Әр топтың ойыншығы әр түрлі болсын, реттікпен жинау
Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.
Ойыншықтар ұйықтайды,
Әмір беріп бұйырсақ.
Рефлекстік – түзетушілік
**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білу керек:** Ойыншықтардың атын, түрін, түсін, көлемін ажырата біледі.
**Нені игереді:** Ойыншық түрлері туралы білімдерін толықтырып, ойыншықтарды дұрыс қолдана білу дағдыларын игереді.
**Нені біледі:** Ойыншықтар және олардың неден жасалатыны туралы мәліметтерді меңгереді.
Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні___07.12.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы: «** Серуенде ойнайтын ойыншықтармен танысу.
**Мақсаты:** Балаларды серуенде ойнаитын ойыншықтармен таныстырып, ол ойыншықтармен серуенге шыққанда құмен ойнайтындарын айтып түсіндіру.
**Көрнекілік:** Серуенде ойнайтын ойыншықтардың суреті.
**Мотивациялық – қозғаушылық:**Балалар, сендер ойыншықтарды жақсы көресіңдер ме? Ең жақсы көретін ойыншықтарынды атаңдаршы?
**Ұйымдастырушылық ізденіс**
Көңілді әуен қосылады.
Қонаққа Клоун келеді.
Оның қолында әуе шарларымен бірге себетте ойыншықтар салынған.
**Тәрбиеші**: Сәлеметсің бе клоун! Қандай әдемі ойыншықтар әкелгенсін, бізге!
Клоун балалармен амандасады.
Балалар менің қолымда сендер даладағы құммен ойнайтын ойыншық.Менімен ойын ойнасаңдар мен сендерге беріп кетем.
**Тәрбиеші:** Онда біз қазір клоунмен бірге ойын ойнайықшы.
**«Алтын қақпа»** ойыны
**Мақсаты:** ойыншықтарды атай , тани білуге баулу;
Сиқырлы әуен естіледі.
Тақтада сиқырланған дорба көрсетіледі.
**«Сиқырлы дорба»** дидактикалық ойыны
**Сергіту сәті:**
«Қолға алып шарды,
Үрлеймін мен былай
Уф-ф.
Үрлеймін деп қатты
Жарып алдым шарды
Пах-пах»
«**Сиқырлы дорба**» дидактикалық ойынын ойнайды.
**Мақсаты:** ойыншықтарды сипап сезу әдісі арқылы сипаттайды.
Клоун балалармен қоштасып мен сендермен ойнап көңілім көтеріліп қалды өте жақсы мен сендерге құммен ойнайтын ойыншықты беремін . Шартым бар жақсы ойнаңдар сындырып жоғалтпаңдар. Сау болыңдар
**Рефлекстік түзету**
Қорытынды сұрақтар қойылады.
Әңгімелесу.
Көңіл-күйлерін көтеру.
**Күтілетін нәтиже:**
**Білу:** ойыншықтарды атай біледі;
**Болу:** ойыншықтарға ұқыппен қарау ;
**Қолдану:** өз ойын білдіру үшін сөздерді қолданады;

Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні___14.12.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** « Менің ойыншықтарым қалай тамақтанады?»
**Мақсаты:** Балаларды ойыншықтың көптеген түрлері бар екенін айтып түсіндіру. Ойыншықтар өлеңін жаттату.
**Әдіс тәсілі:** ойын, сұрақ – жауап, жұмбақ.
**Көрнекіліктер:** Көркем сурет.
**Мотивациялық-қозғаушылық**
Топқа қуыршақ келеді, балалармен амандасады.
Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды:
-Қонақты қалай қарсы алу керек?
-Қонаққа қандай тағамдар беруге болады?
Келіңдер қонаққа арнап тағамдар әзірлейік.
Ойыншықтарды қарсы алады, амандасады.
Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларын айтады.
**Ұйымдастыру-іздестіру**
«Тәтті тағамдар» дидактикалық ойыны.
Тақтаға тағам суреттерін іліп, ішінен ойыншықтарға арнап жасайтын тағам түрлерін таңдатады.
Үлгі суретпен жұмыс.
Суреттерін немесе мүсіндерін көрсетіп, сәбізбен алма сипаттама беруді сұрайды.
Жауаптарын тыңдап болған соң, өзі толықтырады.
-Алма домалақ, түсі қызыл. Домалақ дәмді қатты, көлемі дөңгелек.
Тағамдарды мүсіндеу жолдарын көрсетіп, бірге жасатады:

- сары түсті ермексазды жұмсарту;
- жұмсарған ермексазды кішкене бөлшектерге бөлгізу;
- Сәбіз бен алманы жақсы дұрыс орындауын қадағалайды.

Сергіту сәті
Әй қуыршақ, қуыршақ,
Неге тұрсың жуынбай?
Айнаға қарашы,
Шашыңды тарашы!
Балалар жасаған алмасы мен сәбізді келген қонақтарға тарту жасайды.
Алдымен тазалықты және тианақтылық пен жинақтылықты талап етеді.
Ерекше әдемі етіп дастарханды ойыншықтардың тамақтандыруына дайындайды
**Рефлексивті коррекциялаушы**
Жасаған тамақтарын дастарханға қойғызып, ойыншықтарға сыйлауды ұсынады.
Сұрақтар қойып, тақырыпты қорытады:
-Бізге қонаққа кім келді?
-Қандай тәтті тағамдар жасадық?
Тағамдарын дастарханға қойып, ойыншықтарға ұсынады
**Күтілген нәтиже:**
**Нені білу керек:** тағам түрлерін.
**Нені игерді:**тағам түрлерін ермексаздан мүсіндеуді.
**Нені біледі:**тағамның еңбекпенен келетінін.

Толтырған тәрбиеші: ________АккозоваМ
Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__21.12.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Жұмсақ ойыншықпен ертегі құру.
**Сабақтың білімділік мақсаты:**
Қыстағыайналадағыерекшеліктердібақылату,қойылғансұраққажауаптытолықберуге дағдыландыру.Ертегі мазмұнын айтып беру.
**Көрнекі құралдар және дидактикалық материалдар:** Қуыршақ театры.
**Балалардың іс-әрекеті**
**Мотивациялық қозғаушы**
**Шаттық шеңбері:**
Тәрбиеші балаларды жартылай шеңберге, тұрғызып,балалармен сәлемдеседі.

Сәлем деймін достарға,
Сәлем деймін құстарға.
Сәлем дейміз апайға.

Өлең жолдарын қимылмен қайталап,барлығы орнына отырады.
**Іздену- ұйымдастырушылық**
-Балалар,сендер қандай ертегілер білесіңдер?
-Ертегі оқыған сендерге ұнай ма?
Ертегіні оқып беру, сурет арқылы мазмұнын ашу?
-Ешкі мен лақтар қайда тұрады?
-Ешкі тоғайға не үшін барады?
-Ешкі тоғайға кеткенде кім келеді?
-Лақтар қасқырға есікті неге ашпады?
Балалар өз ойларын жеткізеді жіне сұрақтарға жауап береді
Жұмсақ ойыншықтарды алып өздері сол киіпке еніп сомдап рөльдік ойын ойнайды. Еркін тақырыпта ертегі құрастырады
Тәрбиеші толықтырып көмек беріп тұрады. Сөйлеу мәнерімен тіл байлығын жетілдіре отырып дұрыс бағыт беріледі.Еркіндікке жақсы қасиет пен жаман қасиетті арылуды мақсат қойып үйренеді.
**Сергіту сәті:**
Ауыл алды аққала,
Ақша қарда балалар.
Соғып жатыр аққала
Жалқауы жоқ жұмысқа
Балалардың жауабы.
Мұқият тыңдайды.
Балалардың жауабы.
**Рефлексивті-түзетуші**
Педагог ұйымдасқан оқуқызметін қорытындылайды,балаларды мадақтайды.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** ертегінің мазмұны мен жан-жануарлардың атауларын
**Игереді:** мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерін.
**Меңгереді:** шығарманы зейін қойып тыңдайды.

Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__28.12.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** «Ойыншықтар» Н.Әлімқұлов
**Мақсаты:** Н.Әлімқұловтың ойыншықтар өлеңін жаттату. Ойыншықтың түрлерін айтып түсіндіру.
**Көрнекілік.** Ойыншықтың суреті.
**Жылулық шеңберге жиналу.**
Кел, балалар, күлейік,
Күлкіменен түлейік.
Күлкі көңіл ашады,
Күліп өмір сүрейік!
Жылулық шеңберіне жиналып, тәрбиешімен бірге қайталайды.
Қимыл арқылы жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденушілік кезең
Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметін жұмбақтар жасырудан бастаймыз.
-Балалар, доп, қуыршақты біз бір сөзбен не дейміз?
- Біздің бөлмемізде қандай ойыншықтар бар?
-Ендеше Нұрсұлтан Әлімқұловтың «Ойыншықтар» өлеңімен танысып, жаттаймыз.
Өлеңді мәнерлеп оқу.
**Ойыншықтар**
Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.
Ойыншықтар тыңдайды,
Ақыл айтсақ, бұйырсақ,
Тыңдамайды ұрысса,
Осылары дұрыс па?
Тентектігін қоймаса,
Тұрғызармын бұрышқа. (Н. Әлімқұлов)

Қуыршақтар ұйықтайды.
Айтқаныңнан шықпайды.
Бұзау, қозы құлыншақ.
«Ұйықта» десең, ұқпайды.

**Сергіту сәті**

Биік болып өсеміз,
Жапырақтай жайқалып.
Шетімізден шеберміз,

Біз тынығып аламыз,
Әсем сурет саламыз.

**Сұрақ-жауап**
- Балалар, өлең сендерге ұнады ма?
- Өлеңде не туралы айтылған?
- Ойыншықтармен қалай ойнау керек?
- Ойыншықтар неден жасалады?

**Өлеңді жаттау.**
**Күтілетін нәтиже**:
**Нені біледі:** Өлеңнің мазмұнын түсініп, жатқа айта біледі.
**Қандай түсініктерді игерді:** Ойыншықтар туралы тақпақ, жұмбақ, суретке қарап әңгіме құрауды.
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері**: Ойыншықтардың түрлерін ажыратуды.

Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні___11.01.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Ойыншықпен ойнайтын ойындар.
**Мақсаты:** Балаларды ойыншықпен ойнайтын ойындармен таныстыру. Қалай ойнауды түсіндіру. Асхана ойыны.
**Көрнекіліктері:** Үлгі суреттер, жеке кітапша, қағаз майлықтар, мұздар, су құйылған ыдыс,тұз , сүт, май. Көркем сурет.

Шаттық шеңбері:

Ойыншықпенен денеміз,
Шынығамыз өсеміз.
Жылдан жылға бір жылға,
Үлкен болып өсеміз.

**Тәрбиеші**: Балалар сендер немен ойнайсыңдар?
**Балалар**: Ойыншықпен
**Тәрбиеші:** Қане, балалар сүйікті ойыншығымызды атайықшы.
**Балалар:** Қуыршақ, машина, доп т.б.
**Тәрбиеші:** Балалар саяхатқа шыққанды ұнатасыңдар ма?
**Балалар**: Ия,ұнайды.
**Тосын сәт:** Осы кезде Іңкәр жылап келеді ойыншығын жоғалтып алып.
**Тәрбиеші:** Балалар Іңкәрға көмектесеміз ба ойыншығын тауып беруге және ойыншығын табу үшін өзімізбен бірге саяхатқа алып шығамыз ба?
**Балалар:** Ия, алып шығамыз.
**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар ендеше ойыншықтар әлеміне саяхатқа жол тартайық. Үш столда ағаштан, резеңкеден және пластмасса мен шүберектен жасалған ойыншықтар тұрады.
Балалар мына жердегі не екен қарайықшы жаймендеп бетін ашайықшы және Ікәрдің ойыншығын іздейік?
**Балалар:** Ия қарайықшы.
Балалармен саяхатта сюжеттік ойын арқылы жоспар жүжеге асады. Шаштараз кімдер жұмыс істейді не істейді
Балалардың жауабы.
Құрылысшы; Бұлар не жұмысжасап жатыр кімдер істеп жатыр. Олар не салып жатыр
Балалардың жауабы
Балалар енді көріп тұрғандарың дүкен өздерің ұнаған ойыншыты алып топта ойнаймыз :Осындай ағаларымыз әпкелерімдей боламыз. Топта Құрастырмақпен үлкен үй құрастырамыз
**Қорытынды:**Балалар сұрақтарға жақсы жауап берді. Есіктен кіріп келген Іңкәрға таңқала қарады және оған көмектесуге дайын екендерін білдірді. Беті жабулы үш столдағы ойыншықтардың аттарын атап, пішіндерін, түстерінде айыра салыстыра білді. Слайд сызбасы арқылы көрсетілген бейне көрініс арқылы қойылған сұрақтарға да бұлжытпай жауап берді. Балалар өздері білетін ойыншықтар туралы тақпақтарында айтты.
Ікардың арманын орындап шығарып салады
Рефлексифті түзету
Жақсы қатысып отырған балаларды Мадақтау.
**Ойын**: «Поезд»
**Білу:** Бұрынғы меңгерген білімдерін тиянақтау, ойлау қабілеттерін дамыта білу.
**Игеру:** Сұрақтарға жауап беруге, ойыншықтардың неден жасалғанын игеру
**Меңгеру:** Ойыншықтардың түстерін, пішінін айыра білуге меңгерту.

Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__18.01.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** « Ойнап өс, ойлап өс».
**Мақсаты:** Балаларды адамгершілікке, досқа адал болуға, қайырымдылыққа тәрбиелеу.
**Қажетті құрал – жабдықтар:** Қуыршақ театры
**Балалардың іс-әрекеті Мотивациялық-қозғаушылық**
Сәлемдесу.«Ғажап қоржын» дидактикалық ойыны.
Қоржыны бар қуыршақ Айжан келеді.
- Айжан қолындағы не, қоржын. Онда не бар? Ойыншық.
Ынта қоя тыңдайды, қайталайды.
Суреттерден таныс заттарды тауып атап, көрсетеді.
Қуыршақтың келгеніне қуанып, онымен амандасады.
Қоржынның бір басындағы таныс ойыншықтарды алады, атайды.
**Ұйымдастырушылық-ізденушілік**
Айжан қоржынның екінші басындағы ойыншықтарымен таныстырады:
- Мынау – текше. Тек-ше.
- Мынау – текшелер. Мынау қандай текше?
- Мынау – асық.
Қ-қ-қы-қы-ық-ық - мынау асық.
- Мынау – асықтар.
- Мынау – қоян Қандай дыбыстан басталып тұр?
Балалар жауабын анықтап, қорытынды жасату.
Қ-қ-қо-қо – қоян.
Қ-қ-қу-қу – қу-ыр-шақ.
Ян-ян – міне, қоян.
**Сергіту сәті:**
Отырамыз! Тұрамыз!
Бір, екі, үш, Біз жинаймыз күш!
«Айтқанды орында» дидактикалық ойыны.
**Мысалы:** -Саша, текше ал. т.с.с.
Тыңдайды, жеке, хормен қайталайды, текшенің түсін атайды.
Дыбыстарды, дыбыстық жаттығуларды айтып үйренеді.
Сөздегі бірінші дыбысты анықтауға тырысады.
.**Рефлексиялық-Түзетушілік**
«Топта не бар?» дидактикалық ойыны.
«Қ» дыбысы кездесетін ойыншықтың аттарын сұрайды.
-Айжанның ойыншықтары қандай екен? (Олардың сынбаған, таза екенін атап өтеді).
Ойыншықтарды атайды.
Өз ойыншықтары туралы айтады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Ұғынады:** *текше, асық, қоян, піл, ал* сөздерін
**Түсінеді:** қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алуды
**Қолданады:** ойыншықтарына ұқыпты қарау керек екенін

Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К
Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__25.01.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** « Ойнап өс, ойлап өс».
**Мақсаты:** Балаларды адамгершілікке, досқа адал болуға, қайырымдылыққа тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер, қажетті құралдар:** Қуыршақ театры
**Сөздік жұмыс:** Шыбық тисе- шыңқетер
**Билингвальді компонент:** қайың – береза, табиғат – приода.
**Мотивациялық қозғаушылық**

- Балалар қане, танысып алайық!
- “Менің бойымдағы жаман әдеттер” жаттығуы
- Қане, 1-2 ге саналамыз.
- Бірлер бірінші топқа, екілер екінші топқа отырады.
- Топ ережесін сақтаймыз, айтамыз.
- Бәрекелді, қандай тамаша! Мен сендер сияқты ақылды, сүйкімді, тәртіпті балалардың болғанына өте қуаныштымын.

Енді бәріміз орнымызға отырайық.
Аттарын айтып шығады
Жаттығуға белсене қатысады
Қуанышты болады
**Ұйымдастыру-шылықізденістік**
Кіріспе әңгіме:

- Ал балалар ағаш туралы не білесіңдер?
- Оны адамдар қалай пайдаға жаратады?
- Бізге несімен қымбат ағаш?
- Балалар ертегі тыңдағанды ұнатасыңдарма?
- Олай болса тыңдайық “Біз де ойнаймыз” ертегісін оқып беремін.

Шырша мен қайың қатар өсті. Жас қайың ерке, ойыншыл болатын, ол алаңғасарлығына басып шыршаға соқтығып, бұрымын жұлып, аяғынан шалып, алыса ойнағысы келіп, мазалай берді.
Сергіту сәті: (музыка)
“Берілген дыбысқа сөзді ата” дидактикалық ойын
Мен қандай сөз айтамын, сол сөзден аяқталанады басқа келесі бала сөз айтуы тиіс
**Рефлексиялық түзетушілік**
- Бүгін М.Төрежановтың қандай ертегісімен таныстық?
- ертегі не туралы?
Ұнадыма
Несімен ұнады?
Балалардың жауаптары тыңдалады
**Күтілетін нәтиже :**
Шырша мен қайыңның айырмашылығын
**қолданады**
Берілген дыбыстан бастап сөз айта білуді

Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__01.02.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Ойнауға досым шақырып тұр.
**Мақсаты:** Балаларды бір-бірімен тату дос болуды айтып түсіндіру. Достық осыдан басталатынын айту. Екі дос әңгімесін оқып айтып беру.
**Көрнекіліктер, қажетті құралдар:** Көркем сурет.
**Билингвальді компонент:** қайың – береза, табиғат – приода.
Шаттық шеңбер
**Тәрбиеші:** Сәлеметсіздер ме балалар? Амансыңдар ма достарым!
Мен сендерді шаттық шеңберіне шақырамын. Шеңбер арқылы сәлемдесеміз.
**Балалар:** Сәлеметсіз бе.
**Балалар:** Сәлеметсіз бе Сәуле? Мен сенің досыңмын.
Сәлеметсіз ба Жарас? Мен сенімен достасқым келеді..
Әңгімелеу
В. Осееваның «Үш жолдас» әңгімесі.
**Ойын**. «Менің досым»
**Тәрбиеші**: Балалар, сендерді ойын ойнауға шақырамын. Мен бір балаға доп лақтырамын да, «Сенің досың қандай?» деп сұраймын. Сендер допты маған қайта лақтырып, достарынның қандай екенін айтасыңдар?
**Балалар:** Менің досым ренжітпейді
Менің досым алдамайды.
Мен досыммен бірге ойнаймын.
**Сергіту сәті**
(Қимыл - қозғалыспен көрсету.)
Орнымыздан тұрамыз Біз мейірімді баламыз.
Қолды белге қоямыз. Біздер тату боламыз
Бұрыламыз солға бір. Гүл – гүл жайнап жанамыз.
Бұрыламыз оңға бір Жаттығулар жасасақ
Жақсы сергіп қаламыз.
**Ғажайып сөздер.**
**Тәрбиеші:** Балалар сабақта үйренген өнегелі сөздерді қайталап айтады.
Достар тату, мейірімді болады.
Достар бір-біріне көмектеседі.
**Қорытындылау**
**Тәрбиеші;** Балалар достар қандай болу керек?
**Балалар:** Адал, тату, мейірімді, қамқор.
Балабақшада бір - бірімізбен доспыз. Ренжітпейміз. Бірге ойнаймыз.
Жүректен - жүрекке.
Тәрбиеші балаларға шеңбер жасайды. Бір - біріне тілектерін айтады. Өз достарының қандай екенін айтып шығады.
Менің досым батыр болса деймін.
Менің досым әдемі өтірік айтпаса екен деймін.
Менің досым әдемі қыз болсын.

Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__08.02.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Ойыншықтың түрлері.
**Мақсаты:** Балаларды сұрақ – жауап әдісі арқылы әңгіме құрастыра білуге үйрету.
**Міндеттері:** Балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстырып, ойыншықтартар әртүрлі болатынын айту.
**Сөздік жұмыс:** қуыршақ, доп, кубиктер, машиналар
**Үштілдік компоненет:** аю – медведь – bear , ит – собака – dog , мысық – кошка – cat
**Керекті құрал – жабдықтар:** Ойыншықтың суреті.
**Мотивациялық-Қозғаушылық**
Балаларды шеңбер бойымен тұрғызып, Е. Өтетілеуұлының өлеңін оқиды.
**Шаттық шеңбер:**
Біз ұқыпты баламыз, Ойыншықты жинаймыз,
Айтқан тілді аламыз. Үлкендерді сыйлаймыз
Жарты шеңберде тұрады Бірге қайталайды..
**Ұйымдастыру– іздестіру**
**Әңгімелесу.**

- Сендердің сүйікі ойыншықтарың бар ма?
- Қандай ойыншықты жақсы көресіңдер?
- Ойыншықтарды қалай ұстау керек?

**«Дүкендегі кезек» дидактикалық ойыны**
Ойыншықтарды қаз – қатар тізіп, сатушы болып отырады, балалар кезекке тұрып, ұнаған ойыншықтарын сатып алады.
Бар.
Дербес жауаптары.
Ойыншықтарды ұқыпты, таза, сындырмай ұстау керек.
Үлкен ойыншықтар : Скуби – Ду, Гарфилд, Панда.
Екі тілдегі баламасын айтып, есте сақтауға тырысады.
Әннің бір шумақ және бір қайырмасын қосылып айтады.
**Рефлексивті– түзетушілік**
**Қорытынды:**
Суреттерді көрсете отырып, сұрақ – жауап арқылы оқу іс – әрекетті қорытындылайды.

- Қандай ойыншықтарды жақсы көресіңдер?

Ойыншықты орысша қалай айтамыз?

**«Жақсылыққа құмармыз» шеңбері**

Жақсылыққа құмармыз,
Жақсы адам боп шығамыз.
Таза сәби жүректен,
Қабылдаңыз мың алғыс!
Балаларды мақтап – мадақтайды.
Доп, қуыршақ, машина, конструктор
Ойыншық орысша игрушки.
Қайталап айтады, қимылдарын келтіреді.
**Күтілетін нәтиже:**
**Білу керек:** ойыншық атауларын дұрыс атап, олар туралы білетіндерін әңгімелеуді;
**Болу керек:** дыбыстарды дұрыс айтуға деген ынтасы;
**Істей білу керек:** ойыншықтарға қамқор бола біледі.

Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні___15.02.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтың түрлері».
**Тақырыбы:** Ойыншықтың түрлері.
**Мақсаты:** Балаларды ойыншықтың түрлерімен таныстырып, ойыншықтартар әртүрлі болатынын айту.
**Көрнекілік:** Ойыншықтың суреті.
**Билингвалды** компонент:
**Мативациялық қозғаушы**
Негетен келген хатты көрсетіп, оқып береді: «Сәлеметсіңдер ме, балалар! Қазақстанда әдемі ойыншықтар шығаратынын естігенмін. Сендерде жұмсақ, қатты, темір ойыншықтар бар ма? Маған сол ойыншықтардың суретін жіберсеңдер, риза болар едім». –Балалар, Негешке көмектесеміз бе? –Түрлі ойыншықтарды қайдан табуға болады? Балалардың жауаптарын тыңдап, толықтырады. Ойыншық дүкеніне баруға ұсыныс жасайды.
Негештің хатын тыңдайды.Негешке көмектесуге қуана келіседі.
Сұрақтарға жауап береді.
Ұйымдастырылған ізденіс
Үнтаспа қосылып, мәшиненің даусы шығады. Балаларды алдын ала дүкен жасалып қойған топтың ойын бұрышына алып барады.
**«Есіне сақта» дидактикалық жаттығуы**
1.Көпшілік орында өзін қалай ұстау керектігін ескертеді:
2.Көпшілік жерде тәртіп сақта; 3.Рұқсатсыз еш нәрсе алма;4.Бөтен адамға жақындама.
**Өлең тыңдаймыз**
Ойыншықтарым көп менің, бәрін жақсы көремін.
Кешке дейін жалықпай, Бірге ойнап жүремін.
«Дүкенде» ойыны топтың бір бөлігінде ойыншық дүкені жасалып, безендірілген. 3-4 сөреге түрлі түсті ойыншықтар орналақсқан. Тәрбиеші дүкеншінің киімін киіп, өзі сабақ барысын жалғастырады. Әр қатардағы ойыншықтар туралы айтқан сайын балаларға ұстатады, қандай екенін сұрайды.
**Сергіту жаттығуы**
Күшік, мысық, балапан, Қане, бәрін тұрыңдар,
Қуыршағым балақан. Ойын сауық құрыңдар.
**«Артығын тап» дидактикалық ойыны**
Үстел үстінде түрлі ойыншықтар тұрады:
Жұмсақ ойыншықтардың арасында бір резеңке ойыншық; резеңке ойыншықтардың арасында бір жұмсақ ойыншық; т.б.
**Рефлексивті түзетуші** «Ыстық доп» ойыны арқылы сабақ барысын бекітеді. Балаларды мадақтап, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін аяқтайды.Сұрақтарға толық жауап береді.
**Күтілетін нәтижесі:**Ойыншықтардың әртүрлі материалдардан жасалатынын.
**Нені игереді:**Ойыншықтарды сипаттай отрып, олардың құрылымын.
**Нені біледі:**Ұқыпты, жинақы болуды, ойыншықттарды ұқыпты ұстауды.

Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__23.02.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** «Аю – әдемі сыйлық».
**Мақсаты:** Жануарларды ажырата білуге, балалардың сөздік қорын кеңейту.
**Көрнекілік:** Суреттер, плакаттар.
Мотивациялық - қозғаушылық
Шаттық шеңбері: Сенімді біз боламыз.
Балдырған баламыз, Қашан да, қайда да,
Себебі біз достармыз!
1. Әңгіме жүргізу:
Балалар, қарандаршы қандай әдемі, әсем ойыншықтар! Біз бүгін осы ойыншықтар туралы әңгімелесеміз.
- Балалар ойыншықтарды бірнеше түрге бөлеміз: қатты, жұмсақ, резеңке. Қатты ойыншықтарға машина, ұшақ, пойыз, ал, жұмсақ ойыншықтарға: аю, қоян, түлкі жатады. Резеңке ойыншықтардың жұмсағыда қаттысы да болады.
2. Ғажайып сәт.
Есік қағылады. Топқа бауырсақ кіреді
- Балалар, бізге қонақ келіпті, кім екен? Сәлеметсіңдер ме, балалар, мен атам мен апамнан ойнап жүріп адасып қалдым, сендерге маған көмектесесіңдер ме?
- Балалар, бауырсақ қай ертегіде кездеседі?
- Бауырсаққа кімдер кездеседі?
Сендер бауырсаққа көмектесу үшін осы кейіпкерлердің әр түрлі тапсырмалары бар екен. Сол тапсырмаларды орындасаңдар ғана бауырсақ атасымен апасын таба алады.
Бауырсаққа бірінші кім кездеседі.
1. Қоян: «Ойыншықтарды сипаттап, түстерін пішіндерін айтып бер»
2. Қасқар: Ойын: «Кім жылдам»
Шарты: Ойыншықтарды көрсеткенде олардың аттарын жылдам айту керек.
3. Аю: Алақай балалар, бауырсақ атасы мен апасына келді.
4. Енді з апа мен ата, барлығымыз Дьнеш блоктарын пайдаланып ойыншықтар құрастырайық. Ол үшін бірнеше топқа бөлініп алайық.
Сергіту сәті
Дидактикалық ойын
Әр топтың ойыншығы әр түрлі болсын. Ойыншықтар ұйықтайды
Біздерде бар қуыршақ, Өмір беріп бұйырсақ.
Бұзау, қозы, құлыншақ., Ойыншық - игрушка
Рефлекстік – түзетушілік
Күтілетін нәтиже:
**Нені білу керек:** Ойыншықтардың атын, түрін, түсін, көлемін ажырата біледі.
**Нені игереді:** Ойыншық түрлері туралы білімдерін толықтырып, ойыншықтарды дұрыс қолдана білу дағдыларын игереді.
**Нені біледі**: Ойыншықтар және олардың неден жасалатыны туралы мәліметтерді меңгереді.
Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__01.03.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Ойыншықтар бөлмесі.
**Мақсаты:** Балаларды ойыншық бөлмесімен таныстырып, ойыншық бөлмесі жеке болатынын айту.
**Көрнекіліктер:** Көркем сурет.
**Мотивациялық қозғау**
Тәрбиешібалаларды шаттық шеңберге тұрғызады.
Бір шаңырақ астында Бірге ішеміз асты да
Тату тәтті тұрамыз Бірге сайран құрамыз
Балалар шаттық шеңберін құрып,өздеріне таныс өлең жолдарын айтады.
**Ұйымдастырушылық ізденістік**
Балалардан балабақша бөлмелері туралы білетіндерін сұрады.
-Сендер таңертең қайдан келдіңдер?
-Қайда келдіңдер?
-Сендердің топтарын қалай аталады?
-Сендердің топтпрында қандай қандай бөлмелер бар?
Балабақша ішінде саяхат жасағыларың келе ме? Саяхтқа пойызбен барамыз.
**«Пойыз»** ойыны
-Біздің пойызымыз қандай ұзын!
Пойызымызға көп вагондар тіркеліпті. Кәне,пойыздың дөңгелектері қалай айналады,көрсетіңдерші.
-Балаларды ас дайындайтын бөлмеге,музыка залына,медбике кбиниеті мен кір жуатын бөлмеге алып келеді де ондағы заттармен таныстырады.
-Балалар біз медбике кабинетіне келдік.
-Қалай ойлайсыңдар,неліктен медбике кабиниеті деп аталады?
-Кәне,балалар,медбике бөлмесіне қарап,қандай заттар мен құралдар бар екендігін көріп алыңдар. Біракта қолдарынмен ұстамаңдар.
-Медбике кабиниетінде не бар екен? Кабиниеттегі медбике құралдары мен олардың орналасуы,сақтаулы,қауіпсіздік ережесі туралы айтады.
-Кәне,саяхатымызды жалғастырайық. Ас дайындайтын бөлмеге алып келеді.
-Қайда келдік деп ойлайсыңдар?
Мұнда кім бар екен?
Аспазшылар мен ыдыс жуатын апайлар бар екен. Аспазшылар бұл жерде не істейді?
Балаларға асхана ішін тек көзбен шолып шығуды ұсынады.
балаларға бірнеше бөлікке бөлінген қиындылардан заттарды құрастыруды тапсырады.
Сергіту сәті. Балалардың өздеріне таныс сергіту сәтін ұйымдастырады.
**Күтілетін нәтиже:**
**Біледі:** балабақша ішінде орналасқан бөлмелер мен кабиниеттер,ондағы қызыметкерлердің жұмысы,құрал саймандары туралы.
**Игереді:** асхана,жатын бөлме,кір жуатын бөлме,медбике кабиниеті мен онда істейтін адамдардың қызыметі,құрал саймандары туралы білімді.
**Меңгереді:** балабақша бөлмесінде,аулада еркін бағыт бағдар жасауды топ бөлмесінде және тұрмыста заттарды дұрыс қолдануды.
Рейтинг материал
Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__08.03.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** «Ойыншықпен ойнату арқылы баланы сөйлету».
**Мақсаты:** Балаларды бір-бірімен тату дос болуды айтып түсіндіру. Достық осыдан басталатынын айту. Екі дос әңгімесін оқып айтып беру. Балалардың сөздік қорын кеңейту..
**Көрнекі құралдар:** суреттер, ойыншықтар.
**Шаттық шеңбері.**
Біз ұқыпты баламыз, Ойыншықтарды жинаймыз,
Айтқан тілді аламыз. Үлкендерді сыйлаймыз.
-Жарайсыңдар балалар!
-Балалар қараңдаршы, балабақшаға келгенде айналамызда нелерді көреміз?
Өлеңді тәрбиешімен бірге қосылып қайталайды.
-ойыншықтар
**Ұйымдастыру- шылық ізденіс кезеңі**
**Жұмбақ жасыру.**
Аяғы бар жүрмейді, Айнымайды бөпемнен,
Ауызы бар күлмейді. Тек сөйлеуді білмейді.
-Балалар, кім жауабын біледі? Бұл не?
-Балалар, бүгін біздер ойыншықтармен танысамыз.
-Қане бәріміз менің үстелімдегі ойыншықтарға қарайық.
-Қане, қоянды ұстап көріңдерші, қандай екен?
- Қоян туралы кім тақпақ біледі? - Доп неден жасалған?
-Доп туралы кім тақпақ біледі? - Машина неден жасалған?
-Машина туралы кім тақпақ біледі? -Домбыра неден жасалған?
-Бір сөзбен не деп айтамыз? Бір ойыншықты ойыншық дейміз, көп ойыншықты ойыншықтар дейміз.
-Дұрыс айтасыңдар балалар,ойыншықтар жасалуына қарай бірнеше түрге бөлінеді: жұмсақ,резинадан, немесе пластмассадан, темірден т.б жасалуы мүмкін. Сонымен қатар біз ойыншықтарды мұқият, сындырмай, ластамай ұстауымыз керек.
-Балалар, сендердің сүйікті ойыншықтарың барма? Қандай?
- Көбіне қыз балалар қандай ойыншықты жақсы көреді?
«Қуыршақ» қандай әріптен басталып тұр?
-Ал ұл балалар ше?
Енді сендермен **«Ойыншықтар»** шығармасын тыңдап көрейік.
Ертеде сұлу әдемі қуыршақ болыпты.Ол өз әдемілігіне масаттанып басқа ойыншықтармен ойнамапты.
Достары аюдың баласы қонжық,қоянның баласы көжек,маймыл оны ойнауға шақырса бармапты.Бір күні қатты жел соғып, қуыршақ еденге құлап түседі.Оның әдемі көйлегі жыртылып, қатты жылапты.Оны байқаған ойыншықтар не істепті?
**Сергіту сәті. «Қарлығаш»**
-Қоян матадан жасалған.
- доп резеңкеден жасалған.
-машина пластмассадан жасалған.
-Ағаштан жасалған.
**Күтілетін нәтиже:**
**Нені білді**: Ойыншықтың түрлерін, және олар туралы мәлімет алды, таза ұстаудың жолдарын білді.
**Қандай түсініктерді игерді:** Қуыршақты сипаттау арқылы сын есім сөздерді пайдалануды меңгерді
**Меңгерді :** пирамиданың бөліктерін ретімен бояу жолдарын меңгерді.

Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні___15.03.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** «Машина» К.Ыбыраев өлеңі
**Мақсаты:** К.Ыбыраевтың «Машина» өлеңін жаттату. Ойыншықтың түрлерін айтып түсіндіру.
**Көрнекіліктер:** Көркем сурет.
**Мотивациялық-қозғаушылық**
Тәрбиеші балалардың шаттық шеңберіне тұрғызып, бір-біріне ыстық тілектер айтудың ұйымдастырады. Балалардың назарын өлең жолдарына аударады.
Балалар тәрбиешімен бірге сәлемдеседі,бір-біріне ыстық тілектерін айтады.
**Ұйымдастырушылық-ізденістік**
Үлкенмін ғой,міне, мен, Машинаға мінер ем,
Ойыншықтарды жинаймын. Кабинаға сыймаймын.
-Мен не туралы өлең оқыдым?
-Балалар, айтыңдаршы, кімге қандай ойыншық ұнайды?
- Бақытжан,сенде қандай оыншық бар?
-Қандай көліктің түрлерін білесіңдер?
Көліктің түрлерін көрсетеді
(3-4 түрін көрсету).Алдымен жүк көлігін көрсету.
-Мына көлікті **жүк көлігі** дейді.Бұл көлікпен жүк тасиды. Ол не тасиды екен?
-Жүк көлігі гүрілдейді. «Гүр-гүр-гүр» деген дыбыс шығарады.Кәне, бәріміз қайталаймыз.
-Балалар, мынау қандай көлік? **Автобус**
-Мына көлікті автобус көлігі дейді . Бұл көлікпен адамдар тасиды.
-«В-в-в» деген даусымыздың ырғағы төмен шығады.Қайталаймыз.
-Ал мынау қандай көлік? Бұл көлікті **жеңіл көлік** дейді.
-«Ыың-ың-ың» деген даусымыздың ырғағы төмен шығады.Қайталаймыз.
-Ал мынау қандай көлік?Бұл-**пойыз.** (Пойыз көлігін сипаттау.)
**Сергіту сәті:**
Бөп-бөп, пыш-пу... Мен ең күшті
Меннен күшті Кім бар? Пыш-пу!
Теміржолшы Абай болшы:
Жол ашып қой, Жер қашық қой!
Бу-бу-бу! Бө-ге-ме!
**Билингвальды компонент:**
Жеңіл көлік-легковой транспорт,
Жүк таситын көлік-грузовой транспорт,
Пойыз-поезд.
Өлеңді тыңдайды.
Балалармен қимылмен көрсетедіТәрбиеші көмегімен тапсырманы орындайды.
Екінші бағандағы суреттерді көлік түрлерімен сәйкестендіреді.
Балалар қайталайлы:
Жеңіл көлік-легковой транспорт,жүк таситын көлік-грузовой транспорт,пойыз-поезд.
**Рефлексиялық-түзетушілік**
Жеке жұмысты қажет ететін балалардан сүйікті машиналары тураы сұрау.
-балалар,біз бүгін не туралы әңгімелестік?
-Көліктердің қандай түрлері бар?
Сұрақ-жауап арқылы балалардың оқу іс-әрекетін қорытындылайды.
Балалардың жауабы тыңдалады.
**Біледі:** Көліктердің түрлерін ажырата білуге арналған тапсырманы.
**Меңгереді:** Көліктердің пайдасы туралы мәліметтерді меңгереді.
**Игереді:** Сұраққа толық жауап бере білуді игереді.

Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні___29.03.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Мына ойыншықтың қызығын-ай.
**Мақсаты**: Балаларды серуенде ойнаитын ойыншықтармен таныстырып,ол ойыншықтармен серуенге шыққанда құмен ойнайтындарын айтып түсіндіру.
**Көрнекі құралдар**: Ойыншықтың суреті.
Жылулық шеңбер:
**Таңғажайып сәт**:Балаларға қонаққа Айнаш келеді. Балалардың амандасу рәсімі
Балалар жылулық шеңбер бойында. Балалар Айнашты көріп қуанады.
**Ұйымдастыру-іздестіру**Балаларға ойыншықтар жайлы интерактивті тақтадағы слайд бойынша жұмыстар жасау /балаларға ойыншықтар туралы мағлұмат беру./ Балаларды ойыншықтардың түрлерімен таныстырады.
**Тосын сәт:** Айнаш кіреді. (көңілсіз күйде) –Сәлеметсіздер ме!Ол өзінің бүгін туған күні екенін, бірақ ол сыйлыққа ойыншық қалайты-нын айтады.
**Тәрбиеші**: - Сен неге көңілсізсің?
**Айнаш:-** Бүгін менің туған күнім, бірақ маған ешкім ойыншық сыйламайды.
-неге?
-Мен ойыншықтарды жинамадым, сындырып тастай бердім. - Сен ойыншыққа не қалайсың?
- көп ойыншық қалаймын
-Маған кәдімгі қоянның баласын сыйлаған, ол қашып кетті. -Мынау не? – Доп.
-Доптың пішіні қандай? Кім айтады?
-Дөңгелек. -Түсі қандай? -Доп туралы тақпақ білесіңдер ме?
- Ал мынау ше? - Қуыршақ. - Қуыршақ қандай? -Әдемі
- Қуыршақты ұстап көрейікші. - Қуыршақ қатты.
-Қуыршақ туралы тақпақты кім біледі? -ал, мынау не, кім біледі? - қонжық
— ол қандай? -Үлкен, маймақ. — ол нені жақсы көреді? — Балды.
**Дидактикалық ойын:** «Мұнара құрастыру»
Балаларды бастырғыштардың көмегімен ойыншықтарды мүсіндеуге жұмылдырады.
**Сергіту сәті:** Аю, аю тұршы! Беті қолыңды жушы, Шашыңды тар ашы. Айнаға қарашы!
Балалар қызығушылық танытады.
Балалар назарларын тақтадағы ойыншықтар-ға аударады.
Балалар «Аю» әнімен сергіп алады
Рефлексивті-реттеушілік
-Жарайсыңдар балалар, бүгін барлығыңда жақсы жұмыс жасай білдіңдер деп мақтап көңілдерін көтереді.
Балалар ойншықтарды қызықтағандарына, әрі Айнашқа сыйлық жасағандарына қуанады.
Күтілетін нәтиже:
Ұғынады: Ойыншықтардың аттарын, пішінін және түстерін айтуды;
Түсінеді: Ойыншықтарды ұқыпты ұстауды, оларды сипаттауды;
Қолданады: Тақпақ айтуды, сұраққа жауап беруді, ойын барысында белсенді болуды, шығармашылық іс-әрекеттерін, құрастыруды;

Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__05.04.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** «Айнұрдың ойын бөлмесі».
**Мақсаты:** Балаларды ойыншық бөлмесімен таныстырып, ойыншық бөлмесі жеке болатынын айту.
**Көрнекіліктер:** Әртүрлі ойыншықтардың суреті. Жумсақ ойыншық, құрастырмалы ойыншық. Т.б
Ғажайып сәт: тобымызға
куыршақ Әйгерімнің келуін хабарлайды
Балалар қуыршақтың келгеніне қуанады
**Ұйымдастырушылық**
**ізденістік**
Балалар,бүл не? Кәне, «Куыршақ»сөзін қайталаймыз. – Балалар,бұл қуыршақтың есімі-Әйгерім.Қуыршақ тақпағың жаттату.
Біздерде бар қуыршақ, Ойыншықтар тыңдайды,
Бұзау,қозы,құлыншақ, Ақыл айтсақ,бұйырсақ. Н.Әлімкулов
**Тақпақ жаттаудың әдіс-тәсілі:** «Суретті жаттау»
**Түсіндірілуі**:суреттерді тақтаға салып,тақпақты жаттап алу.
**Сұрақтарға жауп алу:**-Балалар «Қуыршақ» неге жаттады?
Ыдыс-аяққа ма? Жануарларға ма? Немесе құстарға жата ма?
-Сендердің үйлерінде қандай ойыншықтар бар?
**Дидактикалық ойын:** «Ойыншықты тап» Ойын мақсаты:ойыншықты атау және кеңістікті бағдарлай отырып табу. Шарты:тығылған ойыншықты тауып,атын атап,түсін,үлкен,кішілігін ажыратып,
Сол ойыншыққа өздерің мейірімді тілек тілейсіндер.
-Ойыншық жасалынуына қарай?Жұмсақ па?Катты ма? Әлде созылмалы ма?Ал сол ойыншыққа қандай мейірімді сөз айтасын?
-Балалар,бүгін қуыршақ туған күні екен.Әйгерімге сендер не сыйлағыларың келеді? Әйгерімнің туған күнін қалай өткізуге болады.-Кәне,шағын әңгіме құрайық.
**Әңгіме құрау**: «Қуыршақ туған күні»
**Мақсаты:**аузша өэ ойларын жеткізе білу.
Сергіту жаттығуы.
-Аю ойыншығы жоқ,оның қалған оыйншықтардан қарағанда,пішіні үлкен,түсі қоңыр
Аю-жүмсақ ойыншық
Мен оны ұқыпты,таза ұстап ойнаймын
Балалар өз ойларын білдіреді
Балалар ауызша әңгіме құрап айтуға тырысады
**Рефлексиялық –түзетушілік**
Әңгіме құрағанда толық сөйлем құруға тырысады
Ойыншықтарды ұқыпты ойнау керектігін айту
Балалар педагог сөзіне зейін қойып,орындауға тырысады. Балалар ұсынысты қабылдайды
**Күтілетін нәтиже:**
**Қайталайды:**ойыншықтардың неден жасалғанын білу
**Түсінеді**: толық сойлем құрауды
**Қолданады:**өз ойларын сөйлемдер арқылы жеткізуді біледі
Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__12.04.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** **«** Біздің топтағы әдемі ойыншықтар».
**Мақсаты:** Балаларды ойыншықтың көптеген түрлері бар екенін айтып түсіндіру. Ойыншықтар өлеңін жаттату.
**Қолданатын көрнекі құралдар:** Көркем сурет.
Билингвалдық компонент: балабақша-детский сад.
**Тәрбиеші:** Балалар сендер немен ойнайсыңдар?
**Балалар:** Ойыншықпен
**Тәрбиеші:** Қане, балалар сүйікті ойыншығымызды атайықшы.
**Балалар:** Қуыршақ, машина, доп т.б.
**Тәрбиеші:** Балалар саяхатқа шыққанды ұнатасыңдар ма?
**Балалар:** Ия,ұнайды.
**Тосын сәт**: Осы кезде Ақзере жылап келеді ойыншығын жоғалтып алып.
**Тәрбиеші:** Балалар Ақзереге көмектесеміз ба ойыншығын тауып беруге және ойыншығын табу үшін өзімізбен бірге саяхатқа алып шығамыз ба?
**Балалар**: Ия, алып шығамыз.
**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар балалар ендеше ойыншықтар әлеміне саяхатқа жол тартайық.
Үш столда ағаштан, резеңкеден және пластмасса мен шүберектен жасалған ойыншықтар тұрады.
Балалар мына жердегі не екен қарайықшы жаймендеп бетін ашайықшы және Ақзеренің ойыншығын іздейік?
**Балалар:** Ия қарайықшы.
**Тәрбиеші:** Балалар мынау қандай ойыншық? Түсі қандай? Пішіні қандай? Неден жасалған? Ақзере осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?
**Ақзере:** Көре алмай тұрмын өз ойыншығымды.
**Балалар:** Бұл доп. Пішіні дөңгелек. Резеңкеден жасалған. Түсі сары.
**Тәрбиеші:** Жарайсыңдар, ендеше мына столдағына еөрейік. Мынау қандай ойыншық? **Пішіні қандай?** Неден жасалған? Түсі қандай? Ақзере осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?
**Ақзере**: Мына ойыншықтардың ішінен таба алмадым.
**Балалар:** Домбыра. Сопақ пішінді. Ағаштан жасалған.Сары. Сандық. Төрт бұрышты. **Ағаштан жасалған.** Түсі көк.
**Тәрбиеші:** Үшінші столды қарайықшы
Балалар мынау қандай ойыншықтар? Неден жасалған? Түстері қандай? Ақзере осының ішінде сенің ойыншығың бар ма?
Білу: Бұрынғы меңгерген білімдерін тиянақтау, ойлау қабілеттерін дамыта білу.
**Игеру**: Сұрақтарға жауап беруге, ойыншықтардың неден жасалғанын игеру
**Меңгеру:** Ойыншықтардың түстерін, пішінін айыра білуге меңгерту.

Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М
Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__19.04.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** «Ойыншықпен тату ойнаймыз».
**Мақсаты:** Отбасы мүшелерін атай білуге үйрету;
Балаларға ойыншықпен ұқыпты таза ойнауды айтып түсіндіру. Ойнап болған соң ойыншықтарды әдемі жинауды үйрету.
**Қолданатын құралдар:** Ойыншықтың суреті.
« Сиқырлы таяқша»
Балаларға бір-біріне қайырымдылық,достық, мейірімділік, бірлік, татулық, жақсылық сияқты тілектер айтуларын қадағалау.
«Сиқырлы таяқшаны»қолдарына алып ойлаған тілектерімен армандарын айтады
**Ұйымдастырушылық – ізденістік**
**Тәрбиеші:** Мынау не?
-Балалабақшада не бар?
- Балабақшады кімдер жұмыс істейді?
-Ал, үйдің отбасы мүшелерін атайық!
Д/О « Мынау кім»
Көрсеткен суреттерді іліпқойып балалардың көздерін жұмып «Кім жоқ?» деген сұрақтарға 3-4 балаладан сұрау.
2. 3 Сергіту сәтті
Қорбаңдаған аюдың
Құлпынайы көп екен
Теріп, теріп алайық,
Қалтамызға салайық
Үйден әкелген суреттермен өз отбасы туралы әңгімелейді.
–Аты кім?

- Сенің ағаң бар?
- Сенің әпкең бар ма?

– Мен тақпақ оқиын. Сендер кім туралы екенін айтып беріңдер?
Менің әжем, ер әжем,
Мінезі өте жәйлі әжем.
Тірек болып жүр әжем.
Бақшасында балалар.
Іні, әпке, аға бар.
Ойыншықтар көп онда.
Машина, ат,түйе бар.
-Өлеңде отбасы мүшелерінен кімдердің аттары бар?
-Әже туралы не дейді?
-Енді балалар, осы «отбасы» деген сөзге әрқайсымыз өзіміздің ең жақсы көретін сөзімізді айтайық.
Балалар мәтіннің сөзіне сәйкес қимылдарды орындайды.бір-біріңді ренжітпеңдер, сыйлаңдар т .б
**Рефлексиялық - түзетушілік**
Сұрақтар қояды:

- Әжең үуге қандай көмек береді? Анаң үйде қандай шаруамен айналысады?

Балалар сұрақтарға жауап береді.
**Күтілген нәтиже:**
**Біледі:** отбасы туралы түсінік;
**Игереді:** отбасы туралы мағлұмат беруді;
**Меңгереді:** берілген тапсырманы орындай істей білу керек;

Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__26.04.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Мен және менің қуыршағым
**Мақсаты:** Балаларға ойыншықпен қалай ойнауды айтып түсіндіру. Ойыншықтардың түрлерімен таныстыру. Ойыншықтар әр топқа бөлінетінін айту.
**Қажетті құрал – жабдықтар:** Әртүрлі ойыншықтардың суреті. Жумсақ ойыншық, құрастырмалы ойыншық. Т.б
**Сұрақ-жауап.**Сүйікті ойыншықтарың бар ма?
-Қандай ойыншықтарың бар?
-Қандай ойыншықты жақсы көресіңдер?
-Ойыншықтарды қалай ұстау керек?
**Балалар.**Жауап береді.
Балалар, мына үстел үстінде жатқан заттар не?
**Балалар.** Олар -ойыншықтар.
Қыз балалар көбіне қандай ойыншықпен ойнайды? Балалар ше?
**Балалар:** Қыздар қуыршақпен,Ұлдар машинамен.
Балалар қуыршақ қандай болады?
Қуыршақтың әдемі шашы,әдемі көйлегі бар.
-Кім қуыршақтың қалай ұйықтайтынын көрсетеді?
Балалар ойыншықтар жасалуына байланысты бірнеше түрге бөлінеді.
**.Матадан жасалған. Пластмассадан жасалған. Резинадан жасалған.**
**.Ағаштан жасалған. Сипаттама беру.**
**-Дыбыс шығаратын ойыншықтармен,басқаларымен де таныстыру.**
**Дидактикалық ойын; «Жалғасын тап».**
Ойын шарты;Бастаушы сөйлемді бастап береді, балалар аяқтайды.
-Менің ойыншығым..................................(әдемі)
-Мен қуыршақпен........................................(ойнаймын)
-Допты жоғары..........................................(лақтырдым)
**Сергіту жаттығуы.**
Ұзын құлақ сұр қоян, естіп қалып сыбдырды.
Ойлы, қырлы жерлермен, ытқып-ытқып жүгірді.
Қарап еді артына, қиығын сап көзінің.
Келе жатқан томпаңдап, көжегі екен өзінің.
**Ғажайып сәт**.
**Қуыршақты қарсы алу.**
Залға қуыршақ келеді.Қуыршақ балалардың балабақшасымен танысқысы келетінін,өнерлерін көргелі келгенін айтады.
**Әуенді-ырғақты қимыл.**
-Балалар қуыршаққа өз өнерімізді көрсетеміз бе?
Балалар, «қуыршақ» биін билейді.
Қуыршақ ,билеріне риза болып ,алғысын айтады.
Балалар қуыршақпен қоштасады.
**«Ойын» ойыншықтар дүкені.**
Балалар, дүкенші, тұтынушы болып рольдерді сомдайды.
**Қорытынды.**
-Балалар сендерге бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұнадыма?
Сонымен, қуыршақты қалай ұстау керек екен?
Қуыршақ қандай болады?
Бүгін қандай ән үйрендік?
Бізге қонаққа кім келді?
Толтырған тәрбиеші: ________Аккозова М

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__03.05.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** «Қуыршақ – менің сүйікті ойыншығым».
**Мақсаты:** Балаларды қуыршақпен таныстырып, топтағы балалармен ақылдасып қуыршаққа ат қою. Қуыршақ өлеңін жаттату.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Көркем
**Мотивациялық қозғаушылық**
Кел, балалар, күлейік,
Күлкіменен түлейік!
Қабақ түйген не керек,
Көңілді боп жүрейік!
Балалар бүгін бізге қонаққа Айжан қуыршақ келіпті.
Шеңберге тұрып, қимылмен қайталайды.
Балалар қонақты қарсы алып, қуана амандасады.
**Ұйымдастырушылық-ізденістік**
Салеметсіңдерме балалар!
-Балалар,көңіл –күйлерін қалай?Ал менің көңілім жоқ....мен қонжық досымды және ұшақты жоғалтып алдым....
-Балалар,көмектесеміз ба қуыршаққа? Ол үшін біз не істеуіміз керек?
Ол үшін,тілге арналған жаттығу жасап,сөздерді дұрыс айтып,есте сақтандар
**Д/ ойын : «ойыншықтар»**
**Мақсаты:** балаларға ойыншықтардың аттарын айтқызу.
Айжан қуыршақ: балалар, сендер ойыншықтар суреттерін боя аласыңдар ма?
**Сергіту сәті:** Тақтада қосылады,балалар қимылдарды қайталайды.
Қуыршақ: -Қонжық пен ұшақ табылды!-рахмет,балалар!
Сәлеметсіз бе.
Балалар ойыншықтар суретіне қарап атын аттарын атайды.
Балалар ойыншықтардың суреттерін бояуға кіріседі.
Балалар сергіту сәтін
қимылмен жасап сергіп алады.
Қонжық пен ұшаққа қарап,қазақ атауларын айтады.
**Рефлексиялық түзетушілік**
Айжан қуыршақ балалардың жауабына, салған суреттеріне мақтау айтып қоштасады.
-Балалар кім қонаққа келді?
-Сендерден не жайлы сұрады?
-Қандай сурет боядыңдар?
-бояған суреттерін көрмесіне қойғызу.
Балалар мақтауға риза боп Айжан қуыршақпен қоштасады.
Айжан қуыршақтың келгенін айтады..
**Күтілетін нәтиже:**
**біледі:** Балалар ойыншықтар жайлы біледі.
**игереді:** ойыншықтар жайлы түсінігі бар.
**меңгереді:** жаңа сөздерді айта алады.

Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні___17.05.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** «Қуыршақ – менің сүйікті ойыншығым».
**Мақсаты:** Балаларды қуыршақпен таныстырып, топтағы балалармен ақылдасып қуыршаққа ат қою. Қуыршақ өлеңін жаттату.
**Қолданылатын құралдар:** Көркем сурет.
**Сөздік жұмыс:** сүйікті ойыншық, жұмсақ, қатты, резеңке.
**Мотивациялық- қозғаушы**
Педагог шаттық шеңберін ұйымдастырады.
Балғын бөбек – қуыршақ,
Бота, қозы, құлыншақ,
Ойыншықтар, кітаптар,
Орман,көлдер,қыраттар,-деп, «Менің сүйікті ойыншығым» тақырыбына әңгімелеседі.
Балалар өлең жолдарындағы сөздерге орай қолдарына түрлі ойыншықтарды ұстап, қимылдар жасайды. Педагогті мұқият тыңдайды.
**Ұйымдастырушылық-ізденістік**
-Ең сүйікті ойыншығың не?
-Неге ең сүйікті? Сипаттап бер?
-Ойыншықты қалай ұстайсыңдар?
<u>Сергіту сәті: саусаққа арналған жаттығу</u>
Қуыр-қуыр, қуырмаш,
Бидай салам, қолыңды аш.
Төгіп алма, күлем деп,
Балапанға барып шаш.
- машина - кім нені ұнатады.
-Аю, қоян, машина, қуыршақ.
-Өйткені ол менің ең сүйікті ойыншығым.
Сергіту сәтін қимыл-қозғалыспен көрсетеді.
**Рефлексиялық-түзетушілік**
Бір-бірінің жұмысын бағалау үшін балаларға сөз береді. Педагог балалардың бағалайды
Балалар көршілерінің жұмысын бағалайды.
**Күтілетін нәтиже.**
**Жасайды:** өздеріне ұнаған ойыншықтарды жапсырады;
**Түсінеді:** ойыншықтарды ұқыпты, таза ұстау керектігін;
**Қолданады:** өз ойыншықтары туралы әңгімелеу.

Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З.Т

**Күні__24.05.2022ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** «Ойыншықтар әлеміне саяхат»
**Тақырыбы:** Қорытындылау оқу қызметі
**Мақсаты:** Балаларды ойыншықтар туралы алған білімдерін қорыту..
**Көрнекіліктер:** Қажетіне қарай көрнекіліктер.
Сәлеметсіңдерме балалар?! Көңіл-күйлерің қалай?
Қане, қане тұрыңдар,
Шаңырақты құрыңдар.
Бірлігіміз жарасқан
Біз бақытты балақан.
Ұйымдастыру-ізденушілік
Ойыншықтар әлеміне саяхат жасау.
Балалар ойыншықтар әлеміне қош келдіңдер. Мұнда өте көп ойыншықтар бар. Олар қандай ойыншықтар екенін атап өтейік. Ойыншықтар туралы мәлімет беру.
Ойыншықтар әр түрлі материалдардан жасалады.
1 - Матадан жасалған
2 - пластмассадан
3 - Резинадан жасалған ойыншықтар. Сипаттама беру.
Сұрақ - жауап ; Сүйікті ойыншықтарың бар ма ?
-Үйде қандай ойыншықтарың бар ?
-Қандай ойыншықты жақсы көресіңдер ?
- Ойыншықтарды қалай ұстау керек?
Балалар; жауап береді.
Сұрақ - жауап ; Сүйікті ойыншықтарың бар ма ?
-Үйде қандай ойыншықтарың бар ?
--Қандай ойыншықты жақсы көресіңдер ?
- Ойыншықтарды қалай ұстау керек?
Балалар; жауап береді.
Тәжірибелік бөлім.

- Кезең бойынша зырылдауықтың суретін бейнелеу.
- Қағаз бағытын тігінен орналастыру;
- Қара қарындашпен қатты баспай сұлбасын үлгідегідей бейнелеу;
- Акварель бояуымен түрлі түсті етіп бояу

Балаларға көмек көрсету; тақтада жұмыс жасау; түзетулер жүргізу.
Рефлексивті-түзетуЕнді өздеріне ұнаған ойыншықтарын бар ма ?
Сендер ойыншықтар туралы көп нәрсе білдіңдер,Ойыншықтар қандай болады?
**Күтілетін нәтиже:**
**Білуі тиіс:** Ойыншықтар туралы жалпы мәлімет;
**Игеруі тиіс**: түрлі түсті бояулармен бояу барысында үйлесімділікті;
**Істей алады**: берілген тапсырманы уақытылы орындау, ойыншықтарды ұқыпты ұстауды.

Толтырған тәрбиеші: ________Алимбетова К

Тексерген әдіскер: ________ Абенова З

**«Әлжан ана» бөбекжай балабақшасы**

Бекітемін:
«Әлжан ана» бөбекжай
балабақшасы меңгерушісі м.у.а.
Жолдасова С.

**Вариативтік компонент**

# «Жол белгілерін білейік»

**Ересек «Қарлығаш» тобы.**

**Тәрбиешілер:Алимбетова К**
**Аккозова М**

**2021 – 2022 оқу жылы**

**Пайдаланылған әдебиеттер**


1.Айналамен танысу.
«Алматы кітап» 2001 ж
2 777 жұмбақ, Алматы «Ана тілі» 2015 ж
3.Жыл он екі ай. 2012 ж
4.Ақ сандық,көк сндық . Алматы «Жазушы» 2013 ж
5.Айнала қоршаған орта Экология. «Алматы кітап» 2011 ж
6.Экологиялық сабақтар. Т.М.Бондаренко Воронеж 2016.г
7.Біздің кітап. Баймұратова Б. «Алматы кітап» 2015ж
8.Бөбектерге байғазы кітапханасы. Алматы 2013ж
9. Тіл ашар
10.Қазақ балабақшаларына арналған «Балбөбек» бағдарламасы
11.Айналаны қоршаған орта, экология. Манкеш А.Е. 2016ж
12.Бастауыш мектеп №1 2015 ж.
13.Бастауыш мектеп 2013 ж.
14.Жаттамақ
15.Экологиялық тәрбие балалармен 5-6-7 жас. Т.М.Бондаренко
16.Балабақшадағы дидактикалық ойындар. Сорокина А.Е. 2017г
17.Игровые экологические занятия с детьми. Молдова Л.
18.Невидимые ниточки природы . Рыжова Н.А. М.2010г
19.Какие месяцы в году? ШрыгинаТ.А. М.2016ж
20.Я и природа Рыжова Н.А.

**Түсініктеме**

Бүгінгі таңда көше тәртібін бүкіл адамзаттың білуі өзекті мәселе болып отыр.

Сондықтанда мектеп жасына дейінгі балалық шақтан бастап баланың жолда жүру ережелерін білуі, оны сақтауы мектеп жасына дейінгі ұйымдарда алға қойылып отырған мәселелердің бірі ретінде қаралып отырғаны дұрыс,әрі қалыпты жағдайға айналуы тиісті деп ойлаймын. Жолда жүру ережесімен ,көшеде жүру тәртібімен баланы таныстыруда оқу іс-әрекеттерін ұйымдастыру, ойын сауықтар ұйымдастыруда дамып келе жатқан баланың есінде сақталады, әрбір жіберген қателік үшін қойылатын талаптың, шығаттын шығынның да
Орасан зор екенінбала ерте жастан –ақ санасына құйып, түйсіне бастайды.

Жолда жүру ережесін білмеген жағдайда кездей соқ оқиғаларға жауапты мүшелердің бірі ьолып саналатынын сезінеді.
Сондықтан да жол қауіпсіздігін болдырмау үшін өзінше үлесін қосуға көмектеседі.Көшеге шыққанда,ата-анасының қасында жүргенде ,велосепед теуіп жүргенде ,тіпті еркін ойын кезінде де жиі ұшырасатын көліктерден сақ болуға ата-ананың тәрбиешінің балаға үйретері көп болуы керек.

Бекітемін
«Олжан ана» бөбекжай
балабақшасының
меңгерушісінің м.у.а
С.Жолдасова

**Ересек «Қарлығаш» тобының балаларына арналған «Жол тәртібін білейік» вариативтік компоненттің тақырыптық жоспары.**

| № | Оқу қызметінің тақырыптары | Оқу қызметінің мақсаты мен мазмұны | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Абайла жол! | Балалардың сөздік қорын дамыту, ойын арқылы оқу кызметтің мазмұнына карай балалардың жолда жүру ережесі туралы алған білімдерін тиянақтау. Жол белгілерін айыра білу дағдысын қалыптастыру, есте сақтауға дағдыландыру | 1 |
| 2 | Бағдаршам және біз. | Жолда жүру ережесі туралы түсінік беру. Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыруды жалғастыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Ұқыптылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 3 | Сіріңке кішкентай, от үлкен. | Өрт кезіндегі қауіпсіз мінез құлық ережелерімен таныстыру. Өрт болған жерден калай шығу керектігін үйрету. Сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 4 | Көлік түрлері | Қоғамдық көлік түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Қоғамдық көлік түрлерін танып атай білуге үйрету. Жүргізуші мамандығына құрметпен қарау. Ұқыптылыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 5 | Мен жаяу жүргіншімін | Бейтаныс адамдармен подъезге немесе лифтіге кіруге болмайтындығын түсіндіру. Бейтаныс адамды байкаса қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 6 | Бөтен автокөлік | Балаға бейтаныс адамның автокөлігіне отырмау керектігі, жүргізушімен сөйлеспеу керектігін түсіндіру. Егерде күштеп автокөлікке отырғызғысы келсе кандай әрекет жасауға болатындығын үйрету. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 7 | Мен және көше | Көше,жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Жол тәртібін сақтай білуге үйрету. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 8 | Су қауіп-қатер.су тасқыны | Су тасқыны кезіндегі қауіпсіз мінез құлық ережелерімен таныстыру. Су тасқынының | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | Су қауіп-қатер,су тасқыны | Су тасқынының кезіндегі қауіпсіз мінез құлық ережелерімен таныстыру. Су тасқынының салдарынан болатын қауіпті жағдайлар туралы түсінік беру. Жағдайдан шығудың, қорғанудың қарапайым түрлерін үйрету. Сабырлылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 9 | Жол тәртібін жадыңда ұста | Көшеде жүру тәртібін және көше қатынас ережелерін түсіндіру. Жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру. Балаларды жол ережелерін бұлжытпай орындауға, сақтыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 10 | Есік қоңырауы соғылды | Егер үйде үлкендер болмаса бейтаныс немесе аз танитын адамдар келіп есіктің қоңырауын соқса немесе есікті күшпен ашып кірмек болса қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету. | 1 |
| 11 | Біз жолаушымыз | Автобус пен трамвайды танып ажырата білуді бекіту. Қоғамдық көлік ішінде қауіпсіздік сақтау ережесімен және жолаушылардың міндеттерімен таныстыра отырып,. қоғамдық жерлерде, балабақшада, траснпортта қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтауға дағдыландыру. Сақтыққа, тәртіптілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 12 | Мен жаяу жүргіншімін | Жаяу жүргіншілер өткелінен қалай өту керектігі туралы түсініктерін кеңейту. Жаяу жүргінші және жаяу жүргіншілер өткелі сөзінің мағынасын түсіндіру. Баланың зейінін, қабылдауын жетілдіру. Жолдан өту барысында бір-біріне көмек көрсетуге көңіл, ықылас білдіруге тәрбиелеу. Сақтыққа, сабырлы болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 13 | Қысқы қауіп-қатерлер | Аязды күндері мен тайғақ болған кезде қандай әрекет керектігі туралы түсінік беру. Үсік шалмау үшін не істеу керектігін үйрету. | 1 |
| 14 | Аялдамада | Аялдама және жаяу адамның көлікті аялдамада күтетіндігі туралы түсінік беру. Аялдама туралы мағлұмат беру. Тәртіптілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 15 | Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік | Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіз мінез құлық ережелерімен таныстыру. Үйде, көшеде жер сілкінісі кезінде дұрыс әрекет етуге үйрету: -қауіпсіз орын табу; -ғимараттан шығудың жолдары | 1 |
| 16 | Жая жүргіншілер жолы және өткелі | Жаяу жүргіншілер жолы және өткелі туралы түсініктерін бекіту. Балалардың ой-қиялын дамыту. Тілдерінің байланыстырып сөйлеуін жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 17 | Ауладағы ойын | Балаларды ойын кезінде болатын түрлі қауіпті жағдайлар туралы түсінік беру. Қауіпсіздік ескеруге, қауіпті жағдайлардың алдын-алуға, | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жағдайдан шыға білуге үйрету. | |
| 18 | Қай жерде ойнауға болады? | Көшеде ойнауға болмайтындығын түсіндіру. Балалардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс - жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Сақтыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 19 | Қонжыққа топта өзін қалай ұстау керектігін үйретеміз | Топта өзін ұстау мінез-құлық ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Топта қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету. Тәртіптілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 20 | Біздің айналамыздағы жол белгілері | Бағдаршам сигналы туралы түсініктерін бекіту Тамақтанатын пункт пен дәрігерлік көмек көрсету пунктінің белгісімен таныстыру. Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу. | 1 |
| 21 | Жер сілкінісі кезіндегі қауіп-қатер | Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіз мінез құлық ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Жер сілкінісінің салдарынан болатын қауіп-қатерлер туралы түсіндіру | 1 |
| 22 | Абайла, жол қиылысы! | Жол қиылысы туралы түсінік бере отырып, жол қиылысында болатын келеңсіз жағдайларды болдырмау жолдарымен таныстыру. Көргендерін өз сөздерімен әңгімелеп айта білу, есте сақтауын, ойын, көше қиылысы туралы ұғымын арттыру. | 1 |
| 23 | Саябақта | Ересек адамдарсыз жалғыз үйден алыстап кетпеу керектігін түсіндіру. Балалардың ой өрісін дамыту. Сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 24 | Абайла....! | Көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейте отырып, көшеде жүрудің қарапайым ережесін сақтауға дағдыландыру. Балалардың ой қиялын дамыту. | 1 |
| 25 | Ит пен мысық- біздің кішкентай достарымыз | Жануарлармен дұрыс қарым-қатынас жасау туралы түсініктерін кеңейту. Қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Ұқыптылыққа, сақтыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 26 | Қауіпсіз жол | Сурет қарау арқылы бала өміріне қауіпсіз жолмен таныстыру. Жол тәртібін сақтауға үйрету. Сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 27 | Найзағай | Балаларға найзағай туралы түсінік беру. Найзағай жарқылы кезінде қандай әрекет жасауға болатындығын үйрету. Сақтыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу | 1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 28 | Дымбілмес балаларда қонақта | Қала көліктері, жолда жүру ережелері, бағдаршамның сигналдық белгісі, туралы білімдерін бекіту. Кейбір жол белгілерін ажырата білу іскерліктерін жетілдіру. Көшеде қауіпсіздік ережелерін тұрақты түрде қолдана білуін дамыту. | 1 |
| 29 | Тұрмыстық заттар бізге дос па әлде жау ма? | Өміріне қауіп төндіруі мүмкін кейбір тұрмыстық заттар туралы түсінік беруді жалғастыру. Тұрмыста қолданатын кейбір заттарды ересек адамдардың катысуымен ғана қолдану керектігін түсіндіру. Қауіпсіздік ережесін сақтау туралы білімдерін кеңейту.«Өмірге қауіпті» сөзінің мағынасын түсіндіру. | 1 |
| 30 | Жол белгілері әлемінде | Жол белгілері туралы алған білімдерін пысықтау. Жол белгілерін айыра білу дағыдысын қалыптастыру, алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 31 | Жәндіктер | Әртүрлі жәндіктерді бақылау кезінде қауіпсіздік ережесін сақтауға үйрету. Балалардың ақыл ойын дамыту. Тәртіптілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 32 | Жол белгілері сөйлейді | Сілтеуші  және тыйым салушы жол белгілерімен таныстыру. Суретіне қарап және жол бойында тұрған белгілерді танып айтып беру дағдыларын жетілдіру. Тәртіптілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 33 | Жеуге жарамды, жарамсыз | Жеуге жарамды және улы жемістер, саңырауқұлақ түрлерімен таныстыру. Оларды түріне қарап ажырата білуге үйрету. | 1 |
| 34 | Егер де көше қиылысында бағдаршам болмаса.... | Бағдаршамы жоқ көше қиылыстарынан қалай өту керектігі туралы түсінік беру. Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздік сақтау ережесі туралы түсініктерін бекіту. Үнемі жол белгілеріне көңіл бөлу керектігін дағдыға айналдыру. Тәртіптілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 35 | Электро  заттар | Тұрмыста қолданатын кейбір электрозаттарды ересек адамдардың катысуымен ғана қолдану керектігін түсіндіру.<br>Қосылулы тұрған электр құралына тиіспеу және электр вилкасын су қолымен ұстамау, даладағы трансформаторлық үйшіктерге жақындау керектігін айту. Қауіпсіздік ережесін сақтау туралы білімдерін кеңейту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 36 | Бәрін білгім келеді | Қала және ауыл көшелерінде қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту. Көшеде көліктер қозғалысын реттеуші туралы түсініктерін нақтылау. Жол белгілері туралы білімдерін бекіту. | 1 |
| | | **Сағат  саны** | **36** |

**Күні: 02.09.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** « Жол тәртібін білейік»
**Тақырыбы:** «Абайла, жол!»
**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын дамыту. Ойын арқылы сабақтың мазмұнына қарай балалардың жолда жүру ережесі туралы алған білімдерін тиянақтау. Жол белгілерін айыра білу дағдысын қалыптастыру, есте сақтауға дағдыландыру.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Тәрбиеші**: Дұрыс Қазақстаның қандай қаласында? Қаламыз қалай аталады?
- Ақтөбе, Хромтау

**Тәрбиеші:** Ал енді сендер осы Хромтаудың барлық көшелерін аралап көрдіңдер ме?
**Балалар**: Жоқ
**Тәрбиеші:** Онда біз былай жасайық, қазір бәріміз автоусқа отырып қала көшелеріне саяхат жасайық. Бағдаршамен жол белгілерімен танысайық. Алдымен автубусқа отырмай тұрып, көлікке отыру ережесін қайталайық.
**Балалар:** Автобусқа артқы есіктен кіріп, алдыңғы есіктен шығу керек.
- Жасы үлкен немесе кішкентай бөпелі адамдарға орын береміз.
- Автобуста айқайлап сөйлеуге, қатты күлуге болмайды, ол әдепсіздікке жатады.
- Ашық есік, терезеден басын шығарып қолын созуға болмайды.

**Тәрбиеші:**
1. Жолдың машина жүретін бөлігінде ойнауға болмайды. Жаяу жүргіншілерге арналған жолдан өт.
2. Егер жолдан өтуге үлгермесең, орталық сызықта немесе «қауіпсіздік аялдамасында» тоқта да, бағдаршамның жасыл түсінің жануын күт..
3. Жолдан өтерде солға қара, ал бөлгіш жолақтан кейін оқға қара .
4. Жолдан бағдаршамның тек жасыл түсі жанғанда ғана өт.
5. Егер жаяу жүргіншілерге арналған жол болмаса, жаяу жүргінші жолдың шетімен қозғалысқа қарсы жүруге тиісті.
6. Келе жатқан машина алдынан жолды кесе жүгірме.

**Рефлексиялық -түзетушілік**
Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз.
**Күтілетін нәтиже**
**Нені үйренеді:** машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.
**Қандай түсініктері игерді:** көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері**: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

**Тәрбиеші:**
**Тексерген әдіскер:**

**Күні: 09.09.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** « Жол тәртібін білейік»
**Тақырыбы:** Бағдаршам және біз.
**Ойын сауықтың мақсаты:** Ойынды тәрбие құралы ретінде пайдаланып, бала сезімін кеңейтіп, тілін ұштастырып, жол ережесін жасына сай меңгерту. Көшеде жүру ережесін білу арқылы жолда жүру мәдениетін үйретіп, сақтыққа тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы:**
**Тәрбиеші:** Ойын сауығымызды жұмбақпен бастайық
Аяғы бар жүрмейді,
Аузы жоқ сөйлейді. (Бағдаршам)
Қонаққа бағдаршам келді. Қатты қағаздан жасалған бағдаршамның үлкен суреті.
Бағдаршамның қызметі қандай?
- Жол тәртібін реттеуші.
- Бағдаршам сендерге хат әкеліпті, ашып көрейік, не жазыпты?
Ойын бағдаршам құрайық.
Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға.
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға.
Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін жасқанба.
**Тәрбиеші** Балалар жүргіншілер мынадай сұрақ қойыпты.
- Жүргіншілер қай жолмен жүру керек?
- Жиек жолмен жүреміз.
- Жиек жол болмағанда ше?
- Жер асты жолымен.
- Жолдың қай жағымен жүру керек?
- Оң қол жақпен жүреміз.
**Рефлексиялық -түзетушілік**
Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар
Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже**
**Нені үйренеді:** машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.
**Қандай түсініктері игерді:** көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.
**Менгерген дағдылары мен іскерліктері**: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

**Тәрбиеші:**
**Тексерген әдіскер:**

**Күні: 16.09.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** « Жол тәртібін білейік»
**Тақырыбы**: Сіріңке кішкентай, от үлкен.
Қатысушылар: 2 бала, 1 бала – сіріңке рөлінде, 1 бала от рөлінде.
**Мақсаты:** оқушыларға өрт қауіпсіздігі ережесін жетік білудің маңызын ұғындыру. Өрт қауіпсіздігі ережесін қатаң сақтау арқасында түрлі жазатайым апаттың алдын алуға болатыны туралы түсінік беру.
Ұқыптылыққа, зеріктікке және адамгершілікке тәрбиелеу.
Керекті заттар: Сіріңке қорапшасы, жалын суреті салынған от бейнесі, өрт сөндіруші машинасының макеті, нөл және бір саны жазылған бас киім, от бейнеленген бас киім.
**Оқу қызметінің барысы:**
Өткен аптада, саябакта келе жатып, мен бір сұмдық жағдай болғанын көрдім. Кәдімгі сіріңке, бірақ өте зұлым от жағып, балаларды алдады.
Тәрбиеші:
Саябақта балалар серуендеп жүріп,
Сіріңкені жолықтырды.
Ол балалардан онымен достасуын сұрады.
Тәрбиеші: Балалар – чирк! Міне, мұнда жалын, жамандыққа шалынды.
Маңайдың бәріне жайылды, содан соң айналаның бәріне! Құдай-ау!
Тәрбиеші: 1-бала айқайлап жіберді.
1-бала: Қайтеміз, біз не істеуіміз керек? Жалын қазір бәріне жайылады! Үйге қарай қашайық!
2-бала: Жоқ, біздің қашуымызға болмайды, қаланы қорғауымыз керек! Біз не істедік?
Тәрбиеші: От лаулап жанып барады. Сіріңке болса билеп жүр! Бірақ, балалар саябағындағы, балаларға арналған үйшік жанып кетті!
Тәрбиеші: От қызыл-жасыл-көк, былай қарағанда өте әдемі! Бірақ одан ыстық тарайды, бар болғаны 5 минут жанды.

**Рефлексиялық -түзетушілік**
Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар
Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже**
**Нені үйренеді:** машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.
**Қандай түсініктері игерді:** көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.
**Менгерген дағдылары мен іскерліктері**: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

**Тәрбиеші:**
**Тексерген әдіскер:**

**Күні: 23.09.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** « Жол тәртібін білейік»
**Тақырыбы:** Көлік түрлері
**Мақсаты:** балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытудың қатар тілін, сөз қорын жетілдіру. Жан - жақты білімдерін кеңейту.
Өзін - өзі көпшілік ортада ұстауға, әдепті, әдемі болуға үйрету. Достық пен сыйластыққа тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы:**
Достық - дружба, көлік - транспорт, көлік түрлері - виды транспорта, жүргізуші - водитель, бағдаршам - светофор.
Дәлелі - себеп кезеңі Ұйымдастыру кезеңі. Ұйымдастыру рәсімі:
– Балалар, сендер күннен әдемі, ақылды болып өсіп келесіңдер. Сендер барлық жақсылықты бойларыңа сіңіріп Қазақстанның үлгілі азаматы болып өсулерің керек, солай ма? Балалар хормен, қимыл, іс - әрекет арқылы көрсетеді.
Ізденіс - ұйымдастыру кезеңі – Балалар, қазір сендермен көлік деген сөздің төңірегінде әңгіме жүргіземіз, сұрақтарға жауап беріп, жұмбақтар шешеміз.
– Көлік дегеніміз не? Ол адамға неге қажет?
– Сендер балабақшаға қандай көлік түрімен келесіңдер?
– Енді, мен сендерді көліктің шығу тарихымен таныстырайын. Біздің қазақ халқы ат, түйе мінген, үндістер пілді, кейбір шығыс халықтары есек, бұқа - сиырларды көлік қылған. Суық аймақтарда иттерді шанаға жеккен, бұғыларды көлік қылған.
– Қазіргі таңда бұл көліктердің маңызы төмендеді.
Қазір көліктің түрлері өте көп, оларды бірнеше топқа бөлуге болады: жерде жүретін, ауада ұшатын, суда жүзетін және жер асты көліктер. Сендер оларды атап көріңдер. Жұмбақ:
Дәрігер, медбике, зембілді көруге болады. («Жедел жәрдем» тақпағы)
- Себебі жаны қиналған науқас адамды ауруханаға жеткізуі керек.
**Рефлексиялық -түзетушілік**
Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар
Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже**
**Нені үйренеді:** машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.
**Қандай түсініктері игерді:** көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері**: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

**Тәрбиеші:**
**Тексерген әдіскер:**

**Күні: 30.09.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** « Жол тәртібін білейік»
**Тақырыбы:** Мен жаяу жүргіншімін
**Мақсаты:** Шараға ата – аналармен маи қызметкерлерін қатыстыру. Балалардың жолда жүру туралы білімдерін тиянақтау. Жол белгілерін айыра білу дағдыларын қалыптастыру. Іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.

**Оқу қызметінің барысы:**
Тәрбиеші: Балалар бүгін бізде ерекше күн болып тұр, себебі бізге МАИ қызметкері инспектор ағай қонаққа келіпті. Балалар, инспектор ағай сіздердің жол ережесін қаншалықты білетіндеріңді тексергісі келеді екен.
Ол үшін балалар, біз көшеге саяхатқа шығамыз.
Ендеше алдымен жол ережелерін қайталап алайықшы.
Ал енді келесі, жұмбақтың шешуін дұрыс тапсаңдар, сол көлікпен саяхатқа шығамыз.
Бұл тұлпар су ішпейді. жем жемейді,
Ескеріп ешбір адам емдемейді,
Жүк емес жануарға жүз адам да,
Киіп ап төрт дөңгелек дөңгелейді.(Автобус)
Балалар автобустың артқы есігінен мінеді.
Тәрбиеші:- Балалар, жүргізуші неге автобусты тоқтатты екен?
Балалар:- Себебі бағдаршамның жасыл түсі жанып тұр.
Тәрбиеші:- Дұрыс айтасыңдар, бағдаршамның жасыл түсі жанғанда барлық көліктер тоқтап, жаяу жүргіншілерге жол береді.
Автобус қала көшесінің аялдамасына келіп тоқтайды, балалар автобустың алдыңғы есігінен түседі.
Тәрбиеші:- Балалар, көшеде өте сақ болып жүруіміз керек. Осы кезде велосипед айдаған бала жолды кесіп өтпекші болады, оны жол тәртібін реттеуші ағай ысқырып тоқтатады.
Инспектор:- Сенің мұның не? Жол тәртібін неге бұзасың? Қане велосипедіңді маған бер.
**Рефлексиялық -түзетушілік**
Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз.
**Күтілетін нәтиже**
**Нені үйренеді:** машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.
**Қандай түсініктері игерді:** көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.
**Менгерген дағдылары мен іскерліктері**: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

**Тәрбиеші:**
**Тексерген әдіскер:**

**Күні: 07.10.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** « Жол тәртібін білейік»
**Тақырыбы:**Мен жаяу жүргіншімін
**Мақсаты:**
Көшедегі қауіпсіздік ережелері туралы алған білімдерін пысықтау, балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру.
**Оқу қызметінің барысы:**
**Шаттық шеңбері:**
-Көліктер қайда жүреді? - Жолда.
-Көшедегі жолдар қандай болады екен? -Ұзын, қысқа, тар-кең
-Көшеде келе жатқан адамдарды кімдер дейді? -Жаяу жүргіншілер.
Қазір қай мезгіл? -Күз мезгілі.
Күздің қандай аттарын білесіңдер? - Қоңыр күз, маужыраған күз, алтын күз,берекелі күз, жемісті күз, салқын күз.қара күз.
Ендеше теледидарға қарайық. **Слайд** көрсетіледі
**Тәрбиеші:**
Балалар, біз бүгін сендермен «Қоршаған ортамен таныстыру» оқу іс-әрекетінде көше қауіпсіздігі жайында айтамыз.
Айтыңдаршы, балалар!
Жол қозғалыс ережелерінің мақсаты не?
-Бізді қауіптен қорғау.
**Слайд: «Сақта жолдың тәртібін»** (жәй әуеннің дауысы естіліп тұрады).
**Тәрбиеші:**
Көшеге шыққаннан кейін, айналамызға абайлап, қарап жүрмесек болмайды. Себебі бағдаршамға бағынып жүру тәртібін қатаң сақтаған адам өз өмірінің қауіпсіздігін де қамтамасыз ете алады.
Сұрақ- жауап алу.
Үлкен жолда доп ойнауға, велосипедпен көшеде жүруге бола ма?
Балалардың жауаптары.
**Рефлексиялық -түзетушілік**
Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар
Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже**
**Нені үйренеді:** машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.
**Қандай түсініктері игерді:** көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері**: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

**Тәрбиеші:**
**Тексерген әдіскер:**

**Күні: 14.10.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** « Жол тәртібін білейік»
**Тақырыбы**:Бөтен автокөлік
**Мақсаты:** Көлік түрлері туралы білім беру.
Су, ауа жер көліктер түрлерімен таныстыру, жолда жүру ережесі туралы білімдерін кеңейту.

**Оқу қызметінің барысы:**
**І. Ұйымдастыру кезеңі**
- Балалар, бүгін бізге көптеген қонақтар келіп отыр. Көтеріңкі көңіл күймен қонақтармен «Шаттық шеңберге» тұрып амандасып алайық
- Жарайсыңдар балалар, орындарымызға отырамыз!
- Айтыңыздаршы балалар, бүгін аптаның 4-ші күні. Ол қалай аталады?
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Күз мезгілінде қанша ай бар? Олар қандай айлар?
- Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?
- Күзді «Жомарт күз» деп неге атаймыз?
- Өте жақсы, жарайсыңдар! Балалар күз мезгілін суреттейтін қандай тақпақтарды білеміз?Балалармен амандасып топқа жол полиция қызметкері кіріп келеді. Балалармен көңілді амандасып, өзін таныстырады
- Балалар, сендердің бүгінгі тақырыптарың көлік түрлері болғандықтан мен сендерге жолда жүру ережелері жайында түсінік беруге келдім.

Бағдаршам туралы, бағдаршамның көздерін түсіндіреді, жолда жүру тәртібін үйретеді.
- Балалар, сендерге бағдаршам ұнады ма және түсіндіңдер ме? Олай болса маған кім түсіндіріп береді?

Жандос: өз бағытымыздағы қызыл түсте тоқтаймыз, сары түсте жүруге дайындалып тұрамыз, ал жасыл түсте жүреміз.
- Өте жақсы балалар, сендердің бағдаршам туралы түсінгендеріңізге өте қуаныштымын. Қош сау болыңдар, жолда аман – есен жүріңдер

**Рефлексиялық -түзетушілік**
Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар
Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже**
**Нені үйренеді:** машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.
**Қандай түсініктері игерді:** көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.
**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері**: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

**Тәрбиеші:**
**Тексерген әдіскер:**

**Күні: 21.10.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** « Жол тәртібін білейік»
**Тақырыбы**:Мен және көше
**Мақсаты:** Көшеде жүру тәртібін және көше қатынас ережелерін қайталау.
**Көрнекілігі**: Көшеде жүру ережесіне байланысты баспадан шыққан таблица. Қиылған жіңішке ұзын тілім қағаздарды еденге жапсырып, үлкен көше, жиекжол, екі көшенің қиылысқан
кескіні түсіріледі.

**Оқу қызметінің барысы:**
Тәрбиші түсіндірмесі: Бағдаршам - өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп, тілін алу баршамызға керек.
Біздің ауылымызда, сол сияқты біздің еліміздің басқа да қала, ауылдарында бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек. Балалар, сендңр көшеде жүру ережесін білесіңдер ме екен, көрейік.
Мынандай сұрақтарға жауап беріңдерші:

1. Көшеде жүру ережесін білу бізге не үшін керек?
- Әр оқушы көшеде жүру тәртібін өте жақсы білуі керек. Көшеде жүре білу машина астына түсуден, апаттан сақтайды.

2.Жиекжол дегеніміз не?
- Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол.

3.Жаяу адамға қай жермен жүруге рұқсат етілмейді?
- Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді.

**Рефлексиялық -түзетушілік**
Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар
Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже**
**Нені үйренеді:** машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.
**Қандай түсініктері игерді:** көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.
**Менгерген дағдылары мен іскерліктері**: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

**Тәрбиеші:**
**Тексерген әдіскер:**

**Күні: 28.10.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** « Жол тәртібін білейік»
**Тақырыбы:**Су қауіп-қатер,су тасқыны
**Мақсаты:**Су тасқыны туралы түсінік беру, одан қорғану, көмек беру жолдарын меңгерту;Шығармашылық жұмыстар арқылы оқушының қызығушылығын, ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту;

**Оқу қызметінің барысы:**
**СУ ТАСҚЫНЫ** - бұл қардың еруі, жауын-шашын, суды желмен айдаған және кептелу кезінде өзендердегі, көлдер мен теңіздердегі су деңгейінің көтерілуі нәтижесінде жерді айтарлықтай су басу. Өзендер арнасына суды желмен айдау арқылы болған су тасқыны ерекше түрге жатады. Су тасқыны көпірлер, жолдар, ғимараттар, құрылымдардың қирауына, елеулі материалдық шығынға, ал судың көп жиналуы (4 м/с астам) және су үлкен биіктікке көтерілсе (2 м көп) адамдар мен жануарлардың опат болуына әкеліп соқтырады. Қираудың негізгі себептері ғимараттар мен құрылымдарға су массасының, жоғары жылдамдықта жүзіп жүрген мұздардың, әртүрлі сынықтар мен жүзіп жүрген заттардың, т.б гидравликалық соққысы болуы мүмкін. Су тасқыны кенеттен пайда болып және бірнеше сағаттан 2-3 аптаға дейін созылуы мүмкін.
**Су тасқынынан кейін қалай әрекет ету керек**
Ғимаратқа кірер алдында қандай-да болмаса бір заттың құлау немесе қопарылу қаупі бар ма жоқ па тексеріңіз. Жайды желдетіңіз (жиналып қалған газдан тазарту үшін). Жайларды толық желдетпейінше және газбен қамту жүйесінің жарамдығын тексермейінше электрді қоспаңыз, ашық отты пайдаланбаңыз және сіріңкені жақпаңыз. Электр өткізгіштердің, газбен қамту, су және канализация құбырларының жұмысқа жарамдылығын тексеріңіз. Олардың мамандардың көмегімен тексеріп жарамдылығына көз жеткізгенбейінше қолданбаңыз. Жайларды кептіру үшін есіктер мен терезелерді ашыңыз, едендегі және қабырғалардағы кірді жуып, подвалдардағы суды шығарыңыз.
**Рефлексиялық –түзетушілік**
Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже**
**Нені үйренеді:** машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.
**Қандай түсініктері игерді:** көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.
**Менгерген дағдылары мен іскерліктері**: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

**Тәрбиеші:**
**Тексерген әдіскер:**

**Күні: 04.11.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** « Жол тәртібін білейік»
**Тақырыбы**: Жол тәртібін жадыңда ұста
**Мақсаты:**Су тасқыны туралы түсінік беру, одан қорғану, көмек беру жолдарын меңгерту;Шығармашылық жұмыстар арқылы оқушының қызығушылығын, ой-өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту;

**Оқу қызметінің барысы:**
**Көрініс:** «Үш көзді дәумен кездесу».
Көшеде арлы- берлі жүрген машиналар, ортада бағдаршам.
Ортаға жүгіріп бала шығады.
**Бала:** Қап, мына көшеден қалай өтіп кетсем екен а, жолда машиналар көп екен. «Тәуекел» көшені кесіп жүгіріп өтіп кетейін.
**Бағдаршам:** — Әй, тоқта! Қайда барасың?
**Бала**:- Сен кімсің?
**Бағдаршам:** — Мен бағдаршаммын, сен көше тәртібін бұздың.
**Бала:-** Қалай? Қашан?
**Бағдаршам**:- Сен қызыл көзім жанып тұрғанда көшені кесіп өтпек болдың ғой,сенің бұның дұрыс емес.
**Бала:-** Енді қалай өтуім керек еді.
**Бағдаршам:-** Сен мені жақсылап тыңдап айтқандарымды ұғып ал. Мына менің қызыл көзім жанғанда жолға қарай жүруге болмайды, ал сары көзім жанғанда жолдан өтуге дайындал- деген белгі берем, ал жасыл көзім жанғанда жолдан өтуге рұқсат, өте бер,- деген белгіні білдіремін.
**Тәрбиеші:** Ал қанекей, үйренейік жолда жүру тәртібін,
Ережені жақсы білер, жатқа білер бар кімің.
«Жол тәртібін жадыңда ұста» атты мына сайыстың.
1) **«Мына жол белгілері нені білдіреді?»**— деген сұраққа жауап беру.
Ата- аналарға жол белгілерінің суретін көрсете отырып, оның қандай белгі екенін, қандай мақсатта айтылғанын атап беруін ұсыну.
**Рефлексиялық -түзетушілік**
Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз.
**Күтілетін нәтиже**
**Нені үйренеді:** машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.
**Қандай түсініктері игерді:** көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.
**Менгерген дағдылары мен іскерліктері**: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

**Тәрбиеші:**
**Тексерген әдіскер:**

**Күні: 11.11.2021ж**
**Білім беру саласы:** Вариативтік компонент
**Бөлімі:** « Жол тәртібін білейік»
**Тақырыбы**: «Есік қоңырауы соғылды»
**Мақсаты:** балаларға өмірлеріне қауіпті үшкір. өткір заттардан, электр приборларынан, тұрмыстық химиялық заттардан, дәрілік заттардан сақтану жолдары туралы мағлұмат беру.
**Көрнекілігі:** дәрілік заттар, кір жуатын заттар, ұшы өткір заттар суреттері
**Тәрбиеші:** Әр адам өз отбасын түрлі қауіптен сақтауға тиіс. Қауіптің түрлері көп.
**Мысалы**: газдан сақтан. Ол тез тұтанғыш, жарылғыш зат. Тіпті түссіз, көзге көрінбейді. Газ өте улы. Сондықтан газдан аулақ бол!
Тілін алып кішінің де кәрінің,
Көңілінен шығып жүрмін бәрінің.
Ата - ананың айтқан сөзін тыңдауды,
Әдептілік белгісі деп таныдым.
Міне балалар, ата - аналардың көмегімен ғана газды пайдалануға болады. Слайдтар көрсетіледі. Балалар үйде тұрмыстық заттарды аналарымыз қолданады. Тұрмыстық заттарды атайықшы. Нелер жатады? Ыдыс, кір жуатын нтақтар, жуынатын сабындарымыз бен сусабындар т. б. Слайд көрсетіледі. Балалар тіпті біздің ауырған кезде ішетін дәрілеріміз шектен тыс қолдансақ, ол өте қауіпті болады. Балалар денсаулық туралы тақпақтар айтады.
«Сау дене, азат ақыл, адал көңіл,
Үшеуімен болады бақытты өмір»- демекші сергіту жаттығуларын жасасақ.
Сағаттың тіліндей
Иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір,
Сағатқа қарап ап
Жаттығу оңай - ақ.
**Рефлексиялық -түзетушілік**
Тәрбиеші, Енді біздер көшеге шыққанда қауіп–қатерге ұрынбай, барлық жол ережесі бойынша жүріп тұрамыз. Солай ма, балалар
Балаларды мақтау, мадақтау.
**Күтілетін нәтиже**
**Нені үйренеді:** машина түрлерінің айырмашылығын айтады. Жолда жүру ережесін үйренеді.
**Қандай түсініктері игерді:** көліктердің қолданылуы және адам өміріндегі тигізетін пайдасы жайлы түсінік болуы керек.
**Менгерген дағдылары мен іскерліктері**: жұмбақ шешіп, тақпақ айтады, сұраққа жауап беріп, көліктерді топтастыра алады.

**Тәрбиеші:**
**Тексерген әдіскер:**

**Күні: 18.11.2021ж**
